



**YESSENOV**  
UNIVERSITY

**ISSN 1684-9299**

Подписной индекс 76061



# Yessenov Science Journal

№2 (40) 2021



# Yessenov Science Journal

Ғылыми журнал 2002 жылдың  
маусым айынан бастап шығарылады.

Жылына 2 рет шығады

Жекеменшік –

«Ш.Есенов атындағы Қаспий  
технологиялар және инженеринг  
университеті» ҚҒАҚ

Редакция мекен-жайы:  
Қазақстан Республикасы, 130000,  
Ақтау қ., 32 шағын аудан, Есенов  
университеті, бас ғимарат.

Тел./факс: +7(7292)788-788(259)

Сайт: : [www.usj.u.edu.kz](http://www.usj.u.edu.kz)

Журнал Қазақстан Республикасының  
мәдениет және ақпарат  
министрлігінде қайта тіркеуден  
өткен құәлік №17181-Ж 21.06.2018ж.

ISSN 1684-9299

Тираж 300 дана

Есенов университетінің редакциялық-  
баспа бөлімінде басылып шықты

## Редакция қеңесі

Бас редактор: Ахметов Б.Б., т.ғ.қ.,  
академик

Бас редактордың орынбасары:

Нурмағанбет Е.П., доктор Ph.D

Жауапты хатшы: Жанисенова А.М.

Чоудхури Д., доктор Ph.D,

Ұлыбритания

Боран-Кешишьян А.А., т.ғ.қ., доцент,

Новороссийск қ., Ресей

Mohamed Othman, Dr. Ph.D, Department  
of Communication Technology

and Network Faculty of Computer Science  
and Information Technology, Universiti

Putra, Malaysia

Янковский Т., профессор, Познань қ.,

Польша

Қошимова Б.А., ф.ғ.қ., профессор

Жумаев Ж.Ж., т.ғ.д., профессор

Саймағанбетова Т.А., э.ғ.қ., доцент

Қулиманова М.Р., ф-м.ғ.қ., доцент

Шабылғанов М.П., т.ғ.қ., доцент

# Yessenov Science Journal

Научный журнал издается с июня 2002 года. Периодичность 2 номера в год

Собственник –  
НАО «Каспийский университет  
технологий и инжиниринга  
им. Ш. Есенова»

Адрес редакции:  
Республика Казахстан, 130000, г.  
Ақтау, 32 мкрн., здание университета  
Есенова.

Тел./факс: +7(7292)788-788(259)

Сайт: : [www.usj.yu.edu.kz](http://www.usj.yu.edu.kz)

Журнал перерегистрирован в  
Министерстве культуры и информации  
Республики Казахстан Свидетельство  
№17181-Ж 21.06.2018 г.

ISSN 1684-9299

Тираж 300 экз.

Отпечатано в редакционно-  
издательском отделе Университета  
Есенова

## Редакционный совет:

Главный редактор: Ахметов Б.Б.,  
к.т.н., Академик

Заместитель главного редактора:  
Нұрмаганбет Е.П., доктор PhD

Ответственный секретарь:  
Джанисенова А.М.

Чоудхури Д., доктор PhD,  
Великобритания

Боран-Кешишьян А.А., к.т.н., доцент, г.  
Новороссийск, Россия

Mohamed Othman, Dr. PhD, Department  
of Communication Technology  
and Network Faculty of Computer Science  
and Information Technology, Universiti  
Putra, Malaysia

Янковский Г., профессор, г.Познань,  
Польша

Кошимова Б.А., к.ф.н., профессор

Жумаев Ж.Ж., д.т.н, профессор

Саймағанбетова Г.А., к.э.н., доцент

Кулиманова М.Р., к.ф.-м.н., доцент


Шабылганов М.П., к.т.н., доцент

# Yessenov Science Journal

*Scientific Journal published  
Since June 2002.  
Periodicity: 2 times a year*

*Proprietary-  
NП JSC «Sh. Yessenov Caspian University  
Of technologies and engineering »*

*Editorial address: Republic of Kazakhstan,  
130003, Republic of Kazakhstan,  
Mangystau region*

 *Aktau city, 32 microdistrict*

*Web-site: [www.y.sj.yu.edu.kz](http://www.y.sj.yu.edu.kz)*

*Journal is re-registered in the Ministry of*

*Culture and Information*

*Republic of Kazakhstan*

*Certificate №17181-Ж dated 21.06.2018*

*ISSN 1684-9299*

*Circulation: 300 copies*

*Printed in Yessenov University*

*Chief Editor: Ahmetov B.B., (Cand.Sci  
(Eng.), academician)*

*Deputy Chief Editor: Nurmaganbet E.T.,  
Dr. PhD*

*Executive Secretary: Dzhanisenova A.M.*

*Chowdhury D., Dr. PhD, Great Britain*

*Boran- Keshishyan A.L., Cand.Sci (tech),*

*Novorosiisk, Russia*

*Mohamed Othman, Dr. PhD, Department*

*of communication technology and*

*Network faculty of Computer Science and*

*Information Technology, Putra University,*

*Malaysia*

*Jankowski G., prof., Poznan, Poland*

*Koshimova B.A., (Cand.Sci. (Phil)),*

*Zhumaev Z.h.Zh. (Dr. Sci. (Eng.)*

*Professor)*

*Saimaganbetova G.A., (Cand.Sci. (Econ.),*

*associate professor),*

*Kulmanova M.R. (Cand.Sci. (Phys-Math),*

*associate professor),*

*Tabylganov M.T. (Cand.Sci (Eng.),*

*associate professor)*



**ХҒТАР 16.01.17**

**МАҢҒЫСТАУ ЖЫРАУЛАРЫ  
ТІЛІНДЕГІ АРАБ-ПАРСЫ  
СӨЗДЕРІМЕН ЖАСАЛҒАН  
АВТОРЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР**

**Мақала ҚР БҒМ грантымен  
қаржыландырылатын «АР08856996  
Маңғыстау аймағындағы сакралды  
мәтіндердің концептуалды кеңістігі  
(жыраулық мәтіндер, эпитафиялық  
жазба мәтіндері, петроглифтер)»  
ғылыми жобасы аясында жазылды**

**НҰРДӘУЛЕТОВА Б.И.**

Ш.Есенов атындағы Каспий  
технологиялар және инжиниринг  
университеті, Ақтау қ., Қазақстан  
e-mail: nurdauletova@mail.ru

**ТЕҢЕЛОВА М.С.**

магистрант  
Ақтау қ., Қазақстан

*Аңдатпа.* Мақалада Маңғыстау жыраулары тіліндегі араб-парсы сөздері, олардың фразеологизмдер жасауда қолданылуы талданған. Тілімізде образ жасауда, ұлттық танымды тасымалдауда фразеологизмдердің орны ерекше. Фразеологизмдердің әрқайсысын кіші-гірім мәдени дискурс ретінде қарастыру арқылы, жыраулар дүниетанымының концептуалды құрылымына негіз болып тұрған ұлттық, мәдени білімдер қоры ашылады.

Маңғыстау жыраулары тіліндегі авторлық фразеологизмдердің бір қатары араб-парсы сөздерінің қатысуымен жасалған. Бұның өзі жыраулардың поэтикалық танымын, көркемдік шеберлігін танытады.

*Түйінді сөздер:* араб-парсы сөздері, фразеологизмдер, ұлттық таным, когнитивті талдау, көркем дискурс.

Е.М.Верещагин, В.Г.Костомаровтың сөздің тарихи болмысын анықтауға арналған континикалық концепциясы (континическая концепция) бойынша сөз – белгілі бір білім қорын тасымалдаушы, жеткізуші және жинақтаушы ақпарат көзі (білім көзі) болып табылады. Сондай-ақ, сөз қоғамдық немесе жеке сипаттағы ақпараттардың «қоймасы» ғана емес, басқа тілдік ұжым үшін осы ақпараттың шығу көзі де [1, 298]. Белгілі бір халықтың, ұлттың көзқарасын, дүниені тану, қабылдау, жіктеп, талдаудағы өзіндік тәжірибесі мен білім қорын, эмоциясы мен бағалауыштық өлшемін, жалпы айтқанда концептуалдық дүниетанымын, сондай-ақ осы дүние бейнесінің дара тұлға арқылы көріну



сипатын айқындау үшін фразеологизмдерге когнитивтік талдау жасаудың маңызы зор. Осы орайда екі басқа тілдердегі (қазақ, монғол) фразеологизмдердің ұлттық-мәдени табиғатын салғастыра келіп, Г.Сағидолла мынандай түйінді пікір айтады: «Таным процесі мен логикалық ойлау жалпы адамзаттық ортақ қасиет, ал бүкіл адам баласы үшін ақиқат шындық болмыс біреу болғандықтан ғаламның біртұтас бейнесі де әр басқа тілде сөйлейтін халықтар үшін біреу-ақ. Сөйтсе де тіл иесінің ой-өресіне, концептуалды әлеміне байланысты әр тіл дүние ғаламның фрагменттерін өзінше өреді, бөлшектеп атайды, бейнелеп суреттейді, ал тіл өкілі ойының желісін өз тілінде бекіген ғалам бейнесінде құрады» [2, 5]. А.Потебня тілдің танымдық қызметінің үш түрлі деңгейін: қоғамдық, жеке, қоғамдық әрі жеке деп көрсетуінде де тіл арқылы танылатын дүние бейнесінің жалпы адамзатқа ортақтық жағы мен жеке индивид қабылдауымен алғандағы даралық сипаты жатыр. Ұлттық болмыстың даралық сипаты әсіресе тілдегі тұрақты сөз тіркестері мен идиомалар арқылы айқынырақ көрінетіні көптеген зерттеу еңбектерде жан-жақты талдаулармен дәлелденген. Оның себебі тілдің сөздік қорындағы өзге категорияларға қарағанда фразеологизмдер мен идиомалардың табиғаты барынша бағзылық сипатымен, басқа тілге мазмұнын да формасын да аударуға, қайта өңдеуге келе бермейтін тілдегі «құймалылығымен» ерекшеленеді. Сондықан да тұрақты сөз тіркестері ұлт тіліне тән, сол тілде сөйлейтін, ұлттың тұрмыс-тіршілігі мен болмысын меңгерген адам ғана ұғына алатындай ерекшелік, даралық болып табылады. Н.Уәлиев: «Халық өзінің өткен дәуірлердегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі әрлі, әрі нәрлі етіп ерекше өрнектей білген. Түп төркіні беймәлім сөздердің сәті түсіп, кілті табылғандай болса, көп нәрсені баян етіп, халықтың өткендегі ой-қиялы, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады», – деп жазады [3, 12].

Жыраулар «алқалаған әлеуметіне» әсер етіп, сөз құдіретіне «табындыру» үшін экспрессия тудырудың бір тәсілі ретінде фразеологизмдерді жиі қолданып отырады. Олардың қатарында ұлттық әдеби тілдегі қалыптасқан дайын фразалар да, жыраулық поэтикаға тән образды ортақ мотивті (Қ.Өмірәлиевше) фразалық қолданыстар да, жыраудың ерекше сөз саптау дағдысы, белгілі бір ситуативті жағдай тудырған авторлық-индивидуалды тіркестер де табылады. Жыраулар тілдік тұлғасының прагматикалық, уәждемелік деңгейін айқындауда жыраулық дәстүр тудырған авторлық фразеологизмдердің коннотациялық, ассоциативтік, символдық, экспрессивтік мағыналарын талдаудың, сол арқылы жалпы адамзаттық, сонымен бірге ұлттық мәдениеттің жыраулық таным сүзгісінен өткен болмысын зерделеудің мәні зор деп есептейміз.

Тыңдаушысын елең еткізер тосын тіркес түзуде жырау дағдылы қолданыстан гөрі тың жол іздейді. Авторлық фразеологизмдер құрамындағы бұрыннан белгілі сөздердің өзгеше мағыналық реңкте құбылып берілуі арқылы, кейде актив қолданыста жоқ көне сөздерді, диалектизмдерді, кірме сөздерді, экспрессив сөздерді тіркес құрамында кіргізіп жіберу арқылы, тілдегі дайын тіркестердің құрамын өзгертіп, контоминациялау жолымен де жасалғанын байқаймыз.

Біз бұған дейінгі мақалаларымызда аталған өлке жыраулар тіліндегі көркем образды арабизмдер мен парсизмдердің түп-төркіні, негізінен, ортаазиялық түркі әдеби тілінің әсері деп бағалануы тиіс деп көрсеткен едік. Себебі: біріншіден, мұндай сөздер тұрмыстық лексикаға жатпайды, көркем үлгіде ғана қолданылатын сөздер. Екіншіден, көпшілігі араб, парсы тілдеріндегі бастапқы мәнінен мүлде алшақтап, өзгеше семантикалық реңк алған. Ал біз ден қойып отырған араб, парсы сөздерінің өзге өңір жыраулары тілінен кездеспеуі, кездесе қалса да басқаша мағынада қолданылуы әр өңірдегі жыраулық мектептің өзіндік сөз тізу дәстүрінің, сөз мағынасын қабылдаудағы түйсіну, дүниетаным ерекшелігіне байланысты болуы мүмкін [4, 444-445].

Осы әдеби дәстүрдің әсерімен пайда болған арабизмдер мен парсизмдерге, шамамен, қалал, пітне, шабаз, уәли, зият, пәнер, пәм, нәубет, зыбан, лазым, әспент, әбутас, арзу, запыз, занта, зарп сөздері жатады. Бұлардың ішінен қалал (һалал «адал, пәк»), уәли («білімді»), зият («қасиетті, текті»), нәубет («молшылық береке»), арзу («құмар, құштар») сөздері біршама атауыштық ұғымда қолданылса, өзгелері суреттемелік, бейнелеуіштік қызметінде жұмсалады. Осы қызметте бұл сөздер бастапқы мәнінен мүлде басқаша сипатқа ие болған. Мысалы, парсылық збан «тіл» деген сөзі Аралбай ақында: «Қайғы толса қалыбына, Ұшқындап шығар зыбаннан», – деп келсе, Ізбаста: «Әлеумет тұрса анталап, Ауыздан шыққан зыбаннан», – түрінде қолданылады. Бірінші контекстегі мағынасы «көңілдің тереңінен» дегенді, екінші контекстегі мағынасы «лебіз, үн, дауыс», сондай-ақ «жыр, өлең» дегенді білдіріп тұр.

Тіліміздегі зар сөзіне байланысты: құдайдың зарын қылды, зар-зар етті, зар қылды, зарлады, зарлы эмоционалды-экспрессивті тұлғаларының семантикалық варианттарының қатарына Қалнияз жыраудың зар-зар жару тіркесін де қосуға болады:

Аттан деген бір дауыс

Құлағын зар-зар жарады.

Зар – парсының «қайғылы үн, жылау» мағынасындағы сөзі. Бұл жерде Қалнияз жырау аттандаған дауыстың әрі ащы, әрі зарлы, қайғылы екенін беру үшін құлағын зар-зар жару түрінде қолданып отырса керек. Себебі бұл жолдар елді жау шауып, «қатын-бала, қара орманды» түгел айдап әкеткенде дәрменсіз жас баланың Қармыс батырға жете алмай жанталасқан сәтін бейнелейтін эпизодқа арналған.

Парсының «тазалық, пәктік» мәнін беретін әсмәт сөзі осы өңір жыраулары тілінде «биік, жоғары» ұғымында да («әспенттен биік қарағай»), «әлпештеу, аялау», «кадірлі» дегенді білдіру үшін де («Айрылдың әспенттеген перзентіңнен») қолданылады. Қарапайым қолданыста әспеттеу сөзі «әшекейлеу, көркемдеу» мағынасын береді [5].

Зарп арабтың «сокқы (избиение, удар, биение)» мағынасындағы сөзі [6, 117]. Өзбек тілінде «зиян, залал», қырғыз тілінде «сокқы, ауыр, қиын» деген ұғымда келеді. Ал Маңғыстау сөз зергерлері аталған сөзді негізгі мағынасын поэтикаландырып, бірнеше образда қолданады: 1. «кесірінен, әсерінен» (Мамырын төгіп қаз бен қу, Көлге мекен ете алмас, Ақсұңқар құстың зарпынан [4, 160], Ақтан). 2. «көңілдің тереңінен, көңілімдегі қайғы-шерімнен» (Бір-екі ауыз айтайын, Көңілімнің зарпынан[4, 100], Аралбай). 3. «тегінен, құрамынан, маңызынан» (Атамыз адам жаралған, Топырақтың зарпынан[4, 100], Аралбай). Көрсетілген мағыналарының ішінде үшінші мағына («топырақтың тегі, құрамы») өзге мағынадан мүлде алшақ, жуыспайтын тәрізді. Егер адамның ойлау, қабылдап, соны қорыту жүйесінің өте күрделі екенін ескерсек, байланыстырушы желіні табу қиын емес. Көңілдің тереңінде жатқан – ой, қайғы-шер. Ен маңызды, салмақты ой ғана тереңде жатады. Ал Адам-ата жаратылған топырақ жай топырақ емес, топырақтың ен маныздысы, асылы. Олай болса, «көңілдің зарпы» ұғымы мен «топырақтың зарпы» ұғымының арасында логикалық байланыс бар.

Аралбай ақында:

Қайғы толса қалыбыңа,

Ұшқындап шығар зыбаннан, –

деген жолдар бар. Осындағы қалыбыңа қайғы толу да, зыбаннан ұшқындап шығу да көркем кестелі әрі мағыналық оралымы күрделі тың фразеологизмдер. Алдымен айтарымыз, қалыб сөзін араб тілінен енген әдеттегі қолданысымызға етене, – "бір нәрсенің тұрақты күйі" немесе "бір затты жасап шығару үшін қолданылатын үлгі" деген мағыналарды беретін қалып сөзімен шатастыруға болмайды. Бұл жердегі қалыб – арабтың хәләб – "жүрек" деген сөзі [7]. Егер алдыңғы мағынадағы қалып сөзі болса, "қалыбынан қайғы асса" түрінде болу керек еді. (Ауыспалы мағыналарында "қалыпқа толмайды", "қалыпқа келеді" немесе "қалпынан асады"). Сондай-ақ қалыб сөзінің аталған тіркес құрамында үшінші, яғни бейтарап жақта қолданылмай, II жақта қолданылуы (I-жақта

қолданылса да солай) қалыбыңа қайғы толу деп "жүрегіңе қайғы толуды" айтып отырғанын көрсетеді (қалып – абстрактілі, жалпылама ұғым, жүрек (халәб) – нақты зат, оның үстіне, адамның дене мүшесінің атауы).

Сәттігүл жыраудың қолданысында да бар:

Қалыбымда толған қайғым көп,  
Көңілімнің қошын кетірген [8,143]

Зыбаннан ұшқындап шығу деген тіркестің поэтикалық мәйегі зыбан сөзінің семантикасына байлаулы. Зыбан – парсының 1) тіл, 2) сөз, әңгіме дегенді білдіретін сөзі. Бастапқы заттық мағынасынан (ауыздағы тіл) абстракцияланып, түрліше ауыспалы, поэтикалық мағынаға ие болған, оған мысал ретінде парсы тілінде збан сөзінен туып қалыптасқан бірнеше тұлғаларды келтіруге болады: збан нұр – "тіл, сөйлеу, әңгіме, сөзшен, шешен"; збандан – "ақын, бірнеше тіл білетін адам"; збандаран – "көп сөйлейтін мылжың"; фринзбан – "өтірікші, суайт" [9].

Маңғыстау ақын-жыраулар тілінде "үн, жыр, әуен, әуез" мағыналарын беретін поэтикалық қолданыс ретінде кездеседі:

Қайғы толса қалыбыңа  
Ұшқындап шығар зыбаннан (Аралбай);

немесе

Әлеумет тұрса анталап  
Ауыздан шыққан зыбаннан  
Ортаңызда отырып  
Тарқатайын құмардан (Ізбас Есімұлы).

Қызылорда облысының Арал ауданында зыбан ұру тіркесі "әлек салу, айғай шығару" [10, 139] деген мағынада қолданылады. Сонда қайғы толса қалыбыңа, ұшқындап шығар зыбаннан – "жүрекке толған қайғы тілмен, үнмен қайғы-қасіретті, шерлі жыр болып сыртқа шығады" деген ұғымды береді. Сыртқа жай шықпайды, ұшқындап шығады. Осы жерде жоғарғы кернеулі тоқ жіңішке сымның бойына сыймай жарқ-жұрқ сыртқа шығып, отты ұшқын шашатыны көзге елестейді. Жүрегін қайғы-қасірет қамаған ақынның тілі де өткір, жыры да барынша қаралы, қайғылы.

Іздеп келсем басыңа,  
Атаңа сәлем бермедің.  
Қалалдан болған асылым,  
Айрылған бізден жөндерің [11,186].

Парсы тілінде тұлғасы қалалға жақындайтын екі сөз бар: һелал – "заңды рұқсат етілген", һәләл – «туған айдай, таза, пәк» [5]. Сондай-ақ ұйғыр тілінде һалал – "адал" деген сөз (Уйгур.русс.слов.) С.Нақысбековтің көрсетуінше, әдеби тілдегі адал сөзі Қазақстанның оңтүстік говорында алал болып айтылады [12, 15]. Келтірілген контексте қалал сөзі "жаңа туған айдан жаратылған" немесе "таза адал, пәктіктен жаратылған" мағынасында алынып тұр. Қазіргі күнделікті қолданыстағы адал сөзінің түп-төркіні парсының "туған айдай таза пәк, заңды" мағыналарын беретін һелал немесе һәләл тұлғаларынан шыққан. Оған дәлел жыр тілінде сақталып қалған қалал сөзі.

Фразеологизмдерді ұлттық танымды бейнелейтін фреймдер, кіші мәтіндер ретінде де қарастыратын пікірлер бар. ...языковая единица имеет референцию не прямо к миру, а всегда через фреймовое включение, которое является посредником между значением языковой единицы и выполнением ею знаковой функции. Такое понимание значение языковой единицы, а следовательно – фразеологизма, принадлежит когнитивной парадигме, активно развиваемой в настоящее время прежде всего в разработке проблемы искусственного интеллекта. [13, 92]

Егер шартты түрде фразеологизмдерді «мәдени дискурс» деп есептесек, дискурстағы сөз субъектісі әрі мәдени субъект болуы қажет. Себебі коммуниканттар әр



түрлі мәдени субъектілер болса, адресат факторы толық жүзеге аспайды (дискурстың танымдық-тілдік коды ашылмайды), егер адресат та, адресант та бір ғана мәдениетке жататын субъектілер болса, мәдени кодтың ашылуы оңай. Сонымен бірге фразеологизмдер тек ойды, ақпаратты жеткізу құралы емес, ең бастысы прагматикалық мақсатта көбірек қолданылатын ерекше тілдік құрылым, экспрессия, эмоция және эмотивтілік оның негізгі құралы болып саналады. Сондай-ақ Н.Уәлидің: «Белгілі бір тілдік таңбада екі түрлі мағына (білім) кодқа салынуы, соған сәйкес екі түрлі код болуы мүмкін. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код» [3], - деген ғылыми уәжіне сүйене отырып, біз фразеологизмдерде тілдік кодтан гөрі мәдени код басым орын алады деген қорытындыға келдік.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Лингвострановедческая теория слов. -Москва: Русский язык, 1980. -320с
2. Сағидолла Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны (қазақ және монғол тілдерінің материалдары бойынша салыстырмалы зерттеу). –Алматы: Ғылым, 2003. -248б
3. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. –Алматы, 1998.
4. Нұрдәулетова Б.И. Көне күннің жыр күмбезі. Алматы: Жазушы, 2007. -496 б.
5. Жеменей И.Парсыша-қазақша және қазақша-парсыша сөздік. – Алматы: Санат, 1994. -266 б.
6. Арабша-қазақша сөздік. I том. –Алматы, 1984.
7. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. —М.: Русский язык. 1984. С.349
8. Аманат. Сәттігүл Жанғабылұлының шығармалары. А.: Ердәулет, 1996. – 382 б.
9. Л.З.Будагов "Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. С-Петербург, 1871. – I том. – С. 603
10. ҚТТС 6-том, Алматы: Ғылым, 1982.
11. Ақ берен. Құрастырған Қ.Сыдықов. Алматы: жазушы, 1972. -221 б.
12. С.Нақысбеков Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тілі. А.: Ғылым, 1982
13. Ларин Б.А. Эстетика слова и язык писателя. –Ленинград: Худ.лит., 1974. – 285с.

#### АВТОРСКИЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ С АРАБСКО-ПЕРСИДСКИМИ СЛОВАМИ НА ЯЗЫКЕ МАНГИСТАУСКИХ ЖЫРАУ

Статья написана в рамках исследовательского проекта «AP08856996 Концептуальное пространство сакральных текстов в Мангистау (поэтические тексты жырау, эпитафические тексты, петроглифы)» финансируемого грантом МОН РК

*Аннотация.* В статье анализируются арабо-персидские слова в языке мангистауских жырау, их использование при формировании фразеологизма. Фразеологизмы занимают особое место в образовании родного языка, в передаче национальных познаний. Рассматривая каждую из фразеологизмов как малый культурный дискурс, открывается фонд национально-культурных знаний, составляющий основу концептуальной структуры мировоззрения жырау.

Ряд авторских фразеологий на языке мангистауских жырау был создан с участием арабско-персидских слов. Это свидетельствует о поэтических познаниях и художественном мастерстве жырауов.

*Ключевые слова:* арабско-персидские слова, фразеология, национальное познание, когнитивный анализ, художественный дискурс.

**AUTHOR'S PHRASEOLOGISMS WITH ARABIC-PERSIAN WORDS IN THE LANGUAGE OF THE MANGISTAU ZHYRAU**

The article was written within the framework of the research project "AP08856996 «The conceptual space of sacred texts in Mangistau (poetic texts zhyrau, epitaph texts, petroglyphs)»" funded by a grant from the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

*Abstract.* The article analyzes the Arab-Persian words in the language of the Mangystau zhyrau, their use in the formation of phraseological units. Phraseologisms occupy a special place in the education of the native language, in the transmission of national knowledge. Considering each of the phraseological units as a small cultural discourse, a fund of national-cultural knowledge is opened, which forms the basis of the conceptual structure of the zhyrau worldview.

A number of author's phraseologies in the Mangistau zhyrau language were created with the participation of Arabic-Persian words. This testifies to the poetic knowledge and artistic skill of the zhyrauv, artistic discourse.

*Keywords:* arabic-persian words, phraseology, national knowledge, cognitive analysis, artistic discourse.

ӨОЖ 930.27

**МАҢҒЫСТАУ ЖӘНЕ ҮСТІРТ  
АЙМАҒЫНДАҒЫ ТАҢБАЛЫ  
ТАСТАРДЫ ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ**

**Мақала ҚР БҒМ грантымен  
қаржыландырылатын «AP08856996  
Маңғыстау аймағындағы сакралды  
мәтіндердің концептуалды кеңістігі  
(жыраулық мәтіндер, эпитафиялық  
жазба мәтіндері, петроглифтер)»  
ғылыми жобасы аясында жазылды**

**ТӨЛЕГЕНҰЛЫ Б.**

Халықаралық Түркі академиясы музей менеджері

Нұр-сұлтан қ., Қазақстан

**НҰРДӘУЛЕТОВА Б.И.**

Ш.Есенов атындағы Каспий

технологиялар және инжиниринг  
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

e-mail: nurdauletova@mail.ru

*Аңдатпа.* Мақалада Маңғыстау мен Үстірт аймағындағы таңбалы тастардың зерттелуі, оның маңызы және алдағы міндеттері туралы баяндалған.

Маңғыстау таңбалы тастарын зерттеу барысында біз оның көптеген қыры мен сырын, соның ішінде: ең алдымен, мәдени мұра мәселесін, оның көзі мен жаңғыру жолдарын айқындасақ, ал ондағы сюжеттер ата-бабамыздың дәстүрлі мәдениетінің жоғалып бара жатқан компоненттерін, қоршаған ортамен және көрші елдермен қарым-қатынастарын, рухани жан дүниесін, философиялық, эстетикалық көзқарастарын және т.с.с.қалпына келтіріп, түсіндіру үшін таптырмайтын бірден-бір дерек көз болып табылады.

*Түйінді сөздер:* таңбалы тастар, петроглифтер, сакралды мән, Маңғыстау даласы, Үстірт, Еуразия құрдығы, киелі мәтін.

Маңғыстаудың көне дәуірдегі тарихынан сыр шертетін хатталған құжаттар жоқтың қасы. Тек әр ғасырда, әр жерде қалам ұшына іліккен бірен-саран дерек қана бар. Ал олармен өлкенің біртұтас, үздіксіз тарихын жасай салудың реті келмейді, өйткені белгілісіне қарағанда ақтаңдақ тұстары анағұрлым көп. Әр түрлі тілде, әр түрлі уақытта, әр түрлі сипатта қағазға түсірілген деректердің дәл ақпар беру-бермеуі өз алдына, олардың өзі де соңғы 1100 жылды ғана қамтиды. Қамтығанының өзінде де бір ғасырларда мәлімет көбірек болса, екінші бір ғасырларда ешқандай дерек сақталмай, тарих үнсіз қалады. Сондықтан тарихты танудың басқалай да жолдары мен әдістерін іздестіруге тура келеді. Жазба құжат ақпарынан басқа дерек берерлік археология бар, сақталған жер-су атаулары бар, жергілікті аңыздар және эпиграфиялық материалдар мен таңбалар бар. Олар да – тарихтың көзі, бірақ әрқайсысы өз алдына жеке тұрып тарихты танытқыш дүние бола алмаса да, жанама дерек ретінде біраз нәрседен хабар береді.

Іс жүзінде жергілікті қазақтар Ой мен Қыр деп атайтын Маңғыстау мен Үстірт аумағындағы ескерткіштердің өзіндік сакралдық мәні бар. Олардың басым көпшілігі көне дәуірден жеткен үйіктер мен сынтастар, ортағасырлық некропольдар мен жерасты мешіттер, XV-XX ғасырларда осы аймақты мекендеген халықтардың сәулет ескерткіштері

(құлпытас, қойтас, сағанатамдар және т.б.) болып келеді. Әсіресе кейінгі заманның көшпенділер арасында абыройлы тұлғаларға арнап салынған төбелі тамдар мен сағаналар олардың мәртебесінің басқа бақилық болған пенделерден артық екендігіне ешкім күмән келтірмейді. Кезінде қазақ жерінде, оның ішінде Маңғыстауда да болған Б.Залесский осындай әулиесі бар қорымдар жөнінде былайша деген болатын: «В степи есть много могил, их всегда узнаешь по жердям, стоящим над могилами. В каждой части степи есть свои отдельные святые, а вокруг их могил постепенно создаются целые кладбища, потому что казахи предпочитают хоронить мертвых по соседству со святыми. Ничего не зная из истории своего народа, знают они не больше и о жизни святых. На расспросы они обычно отвечают, что святой был очень благочестивым, помогал ближним, жил скромно, придерживался поста. И все-таки в основе представления о святости у казахов всегда лежит моральный фактор» [1, 126 ].

Осы орайда, бір замандарда өңірдің өмірінде елеулі рөл атқарған тұтас бір әулеттер жерленген кешендердегі эпиграфикасы ерекше назар аударарлық. Мұндай киелі орындар жергілікті халық үшін қастерлі саналып, тауіп ететін орындар болған.

Эпиграфиялық материалдар тарихтың әртүрлі уақытында орын алған саяси, этно-лингвистикалық және басқа да оқиғалардан хабар беретін ақпарат көздерінің бірі болып табылады.

Еуразия құрлығының ортасында орналасқан Қазақ даласының аумағы тарихтың сан ғасырлық қабаттарынан әртүрлі ақпарат беретін ескерткіштер түрлеріне өте бай.

Солардың бірі – таңбалы тастар. Өз кезегінде таңбалы тастар мазмұнына қарай петроглифтер мен эпиграфикалық материалдарға бөлінеді. Петроглиф – латынның «петро» - тас және гректің «глиф» - жазу деген сөздерінен құралған термин. Қазақ тілінде ол – жартастағы жазу немесе сурет деген ұғымды білдіреді. Ал эпиграфикалық (гректің «эпиграфия» - жазу деген мағынасы) материалдарға қатты материалдарға (тасқа, керамикаға, металлға және т.б.) жазылған жазу-сызулар жатқызылады.

Сонау жоғарғы палеолит дәуірінде пайда болып, қазіргі заманға келіп кеткен жартастағы суреттер мен жазу-сызулар – бір жағынан, оларды салған адам баласының рухани жан-дүниесін көрсететін «ашық аспан астындағы галерея» болса, ал екінші жағынан, өткен дәуірлер мен қоғамдар тарихы үшін теңдесіз дерек көздерінің бірі болып табылады. Себебі таңбалы тастар біздің ата-бабаларымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығымен мен кәсібіне, діни наным-сенімдері мен әдет- ғұрыптарына, дүниетанымына, қоршаған ортамен қарым қатынасы мен рулық-тектілік идентификацияна және тағы да басқа да іс-әрекеттеріне байланысты мағлұматтар алуға болады.

Қазақтың даласы осындай мағлұматтар беретін таңбалы тастардың жиынтық орындарының көптігі бойынша Еуразия континентіде алдыңғы орындардың бірін алады. Осы уақытқа дейін Қазақстан даласында әр тарихи кезенді қамтитын 200-ден астам жартастас суреттерінің шоғырланған орындары белгілі болып отыр [2] Аталған ескерткіштер қатарына Қазақстанның оңтүстік батысында орналасқан Маңғыстау ойы мен Үстірт қыры өңірлеріндегі таңбалы тастар да жатады. Маңғыстау облысы аймағындағы таңбалы тастарда кездесетін бейнелерді шартты түрде төмендегі категорияларға бөлуге болады:

I. Петроглифтер;

II. Таңбалар жиынтығы (рулық таңбалар, киелі пиктограмалар); II. Эпиграфика:

- Руна тектес жазулар;

- Араб графикалық мәтіндер.

Маңғыстау петроглифтері туралы алғашқы мәліметтерді біз XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. басында кейбір Ресей және Батыс Еуропа зерттеушілері мен саяхатшыларының еңбектерінен кездестіре аламыз. Осы жерде Патшалық Ресейдің әскери және басқа да ведомствалары мен Орыс Географиялық Қоғамының (ОГК) үлкен рөл атқарды. Әсіресе полковник Ф.Ф. Бергтің басқаруымен 1825-1826 жж. Қазақстан батыс өңірлерінде жұмыс

істеген әскери-ғылыми экспедициясының жұмысын атап өткен жөн [3] Сондай-ақ Г.С. Карелин [4] мен ОГҚ-ның мүшесі М.И. Иванниннің [5] еңбектерінен де кездестіре аламыз. Мәселен Г.С.Карелин өз еңбегінде қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне қатысты бейнелер туралы мәліметтер жинаса, М.Иванин өз мақаласында Маңғыстау даласындағы суреттердің көп екендігі жайында айтып өткен.

Сонымен қатар ескерткіштердің осы түрлері жайында құнды деректерді А. Левшиннің [6] белгілі еңбегінен кездестіре аламыз. Левшин еңбегінде қазақтардың зиярат қабырғаларындағы бейнелерге мән берсе, Алеекеев зерттеулерінде Үстірттегі зиярат орындарының скульптуралық бейнелер мен схемалы түрде салынған суреттер туралы деректер қалдырған.

Маңғыстау петроглифтері туралы келесі бір мәліметтерді И. Мейердің және XIX ғ. 50-жылдары Маңғыстау өңіріне жер аударылғандар Т.Г. Шевченко [7] мен Б.Ф.Залесскийдің еңбектерінен кездестіре аламыз. Айта кетсек, И. Мейер өз мақаласында Орынбор ведомствасында тұратын қазақтардың жерлеу құрылыстарының қабырғаларындағы көшпелі өмір салты көріністері туралы мәлімет келтірсе [8], ал Т. Г. Шевченко мен Б. Ф. Залесский аталмыш өңір қазақтарының петроглифтерін халық архитектурасы туралы салған көркем суреттерінде кескінделген. Б. Ф. Залесскийдің 1865 ж. Парижде жарық көрген альбомының арқасында қазақ петроглифтері Батыс Еуропа жұртшылығына белгілі болды [9].

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында да Маңғыстау өңіріндегі қазақтардың мәдениеті мен тұрмысы зерттеушілердің назарын одан әрі өзіне аударды. Осы уақытта көптеген әртүрлі очерктер баспа беттерінен жарық көрді. Солардың ішінде өлке этнографиясына байланысты жазылған толық еңбек болып неміс ғалымы, әрі дәрігері Р. Карутцтің еңбегі саналады [10]. Автор аталған өлкені қоныстанған халықтардың жерлеу құрылыстарының кейбір жеке түрлеріне, олардың еске алу ғұрпына байланысты безендірілуіне тоқталып кеткен.

Өңірдің солтүстігіндегі көне ескерткіштерді зерттеуде 1910-1911 жж. Орынборда жарық көрген И.А. Кастаньенің екі үлкен жинағын ерекше атаған жөн [11]. Маңғыстау петроглифтері туралы зерттеудің келесі кезеңі екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі уақыттарда жүргізілген далалық зерттеу жұмыстарының деректерінен кезіктіре аламыз. Олардың ішінде Батыс Қазақстанның сәулет өнері мен монументальды глиптикасын зерттеген Т.К. Басенов [12] пен М.М. Меңдіқұлов [13] еңбектерінің орны ерекше.

Маңғыстау петроглифтері мен таңбалы тастарына қатысты деректерді сондай-ақ В.В. Востров пен С.П. Поляков еңбектерінен кездестіне аламыз. Мәселен, В. В. Қабір үсті ескерткіштерінің қабырғаларындағы суреттердің қалай пайда болғандығы жөнінде мәселе қозғаса [14], С. П Поляков Маңғыстаудың оңтүстігінде кездесетін кіші архитектуралық формалардағы қару-жарақтар мен рулық таңбалар салынатын атап өткен [15] (Поляков, 1973).

Маңғыстау петроглифтерін зерттеуде аса көп көңіл ғалымдардың бірі – А. Г. Медоев. Оның өткен ғасырдың 60-жылдарындағы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жарық көрген мақалары мен еңбектеріндегі бейнелер қазақ тарихы үшін ғана емес, бүкіләлемдік ғылым үшін маңызы зор екенін айта келіп, оны одан әрі зерттеуді ұсынған еді [16]. Маңғыстау петроглифтеріне қатысты мағлұматтарды сондай-ақ Х. Арғынбаевтың еңбегінен [17], С. Шалабаев, Е. Өмірбаев, Қ. Сыдықовтардың «Маңғыстау» атты ұжымдық кітабынан [18], У. С. Қыдыралиннің [19], Т. Жанысбековтың [20] кандидаттық диссертацияларынан, С. Әжіғалидің [21], Қ. Ибраеваның [22], Ж. Адаев пен С. Әжіғалидің [23] және И. Тасмағанбетовтың [24] монографиялық еңбектерінен де кездестіре аламыз.

Халқымыздың киелі де, рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылатын петроглифтерді ғылыми тұрғыдан зерттеу, тек өткен ғасырдың 80-жылдарының соғынан, яғни Ә.Х. Марғұлан атындағы археология Институтының жанынан басталады. Жинақталған материалдар бойынша З. Самашев пен Ж. Жумашев ғылыми мақалар



жариялаған болатын. Сол жұмыстардың қорытындысы ретінде қос автордың «Қазақ петроглифтері» атты ғылыми еңбегі 2005 жылы жарық көрді [2] (Қазақ петроглифтері, 2005).

Сонымен қатар, өлке аймағында жаңадан петроглифтер тауып, зерттеп жүрген өңірлік археолог А. Астафьевтің іздеп табылған еңбегін айта кеткен жөн [25].

Маңғыстау облысының аумағынан табылған таңбалар жиынтығын зерттеуде Е. Өмірбаев [18], С. П. Поляков [15], В. С. Ольховский мен С.А. Яценко [26], өлкетанушы Қ. Игібай [27] мен М. Ақмырзаев [28], археолог А. Астафьев [29], З. Самашев пен Н. Базылхан [30], Б. Төлегенұлы [31] сынды таңба зерттеушілері атсалысты.

Араб графикалық эпиграфиялық материалдары бойынша Р. Сулейменов атындағы Шығыстану институтының мамандандырылған Ә. Муминов пен А. Нурманованың жетекшілігімен 2009 жылы Шақпақ жартастағы мешіт ішіндегі 255 мәтіннің аударма жұмыстары жүргізілді [32].

Сонымен қатар, 2015 жылы Р. Сулейменов атындағы Шығыстану институты және «Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы» қызметкерлерімен бірлесе отырып Сейсем ата пантеон-қорымының эпитафиялық мәтіндері аударылған құнды еңбек жарыққа шықты [33]. Маңғыстау өлкесінде орналасқан қорымдардағы құлпытастардың сырын ашуда тарихшы, эпиграфист Н.Кұлбаевтың еңбегі өте зор. Ол зерттеу барысында 2000-нан аса құлпытас мәтінін оқып аударған [34].

Руна тектес жазуларға келер болсақ, бұл тақырыпты төмендегі зерттеу жұмыстарымызда толығырақ ашатын боламыз.

Маңғыстау таңбалы тастарын зерттеу барысында біз оның көптеген қыры мен сырын, соның ішінде: ең алдымен, мәдени мұра мәселесін, оның көзі мен жаңғыру жолдарын айқындасақ, ал ондағы сюжеттер ата-бабамыздың дәстүрлі мәдениетінің жоғалып бара жатқан компоненттерін, қоршаған ортамен және көрші елдермен қарым-қатынастарын, рухани жан дүниесін, философиялық, эстетикалық көзқарастарын және т.с.с.қалпына келтіріп, түсіндіру үшін таптырмайтын бірден-бір дерек көз болып табылады.

Өз бастауын көне замандардан алатын бұл бейнелер мағынасы жағынан да, құрылымы жағынан да алуан түрлі. Жалпы алғанда ескерткіштердің бұл түрі ертедегі көшпенділер, соның ішінде көне түркі дәуірі тайпаларының ескерткіштері сияқты прокламативтік болып келеді. Олардың негізгі мотиві – әскери тұрмыс, көшпелі өмірдің қатал көріністері, билік пен байлық және т.с.с. болса, бейнелену жағынан сақ-скиф аң стиліне өте жақын.

Жоғарыдан көріп отырғанымыздай, ұлттық мәдениетіміздің бір бөлігі болып саналатын таңбалы тастар туралы азын-аулақ хабарламалар мен санаулы ғылыми мақалалар болмаса, күні бүгінге дейін жеткілікті әрі жүйелі түрде жүргізілген зерттеу жұмыстары көп емес. Сондықтан да, Маңғыстау таңбалы тастары ғылыми әдебиеттерде өзіне лайықты орнын ала алмай келеді.

Осы жағдайларды ескере отырып, ғылыми экспедициясының аясында Маңғыстау облысы аумағындағы таңбалы тастарды жүйелеп, классификация жасап, мүмкіндігінше интерпретациялап, ғылыми айналымға енгізуді негізгі міндет етіп алға қойып отырмыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Залесский Б. Жизнь казахов степей. Алматы. 1991.
2. Қазақ петроглифтері. Алматы, 2005
3. Первые русские научные исследования Устюрта [Сб.материалов]. М.1963
4. Карелин Г. С. Путешествия по Каспийскому морю. // Зап. РГО. По общей этнографии. 1883. Т.Х.

5. Иванин М. Н. Поездка на полуостров Мангышлак. // Зап. РГО. СПб., 1847, кн. 2.
6. Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей / соч. Алексея Левшина. - СПб. : Тип. Карла Крайя, 1832., 1832
7. Бейсов Т. Шевченко в Казахстане. Очерк. Алматы, 1952
8. Мейер И. Устье р. Эмбы. СПб. 1862.
9. Zaleski V. La vie des steppes kirghizes. Description, recit et contes. Paris, 1865.
10. Карутц Р. Среди кргизов и туркменов на Мангышлака. СПб. 1910.
11. Кастанье А. И. Надгробные сооружения киргизских степей. Оренбург. 1910.
12. Басенов Г. К. Прикладное искусство Казахстана. Алма-Ата. 1958.
13. Мендикулов М.М. Памятники народного зодчества Западного Казахстана. Алма Ата. 1987.
14. Востров В.В. К вопросу о пережитках древних верований у казахов // ИАН Каз ССР. Серия ист., археол. и этнограф. 1959. Вып. 2.
15. Поляков С.П. Этническая история северо-западной Туркмении в средние века. М. 1973.
16. Медоев А. Г. Наскальные изображения у горы Айракты на полуострове Мангышлак // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата. 1969.
17. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке / тарихи-этнографиялық шолу/. Алматы. 1973.
18. Шалабаев С., Өмірбаев Е., Сыдыков Қ. Маңғыстау. Алматы. 1973.
19. Кыдыралин У.С. Культура и быт казахов дореволюционного Мангышлака. Автореф. канд. дисс. Алма-Ата. 1975.
20. Джанысбеков Т. Особенности мемориального зодчества Устюрта и Мангышлака XVIII - начала XX вв. Дисс...канд.архитек.М.1981.
21. Аджигалиев С.И. Генезис традиционной погребально-культтовой архитектуры Западного Казахстана. Алматы. 1975.
22. Ибраева К. Казахский орнамент. Алматы, 1994.
23. Адаев Ж. Ажигали С.Е. Каспийский шельф. Алматы. 2000
24. Тасмағанбетов И. Құлпытас. Алматы. 2002.
25. Үстірт пен Маңғыстау қазыналары. Самашев. З., Көшербаев. К., Аманшаев. Е., Астафьев А. Алматы. 2007.
26. Ольховский В.С., Самашев З.С. Завершение исследований святилища Байте III в Западном Казахстане // Археологические открытия 1998г. М. 2000.
27. Аманиязов К.Н., Задерецкая Н. Ю., Игибай К.Ж. Отчий край. Алматы. 2003.
28. Ақмырзаев М.М. Адай уезінің жазба мұралары. Алматы. 2006.
29. Астафьев А.Е. Пути торговых сообщений эпохи средневековья на территории Арало-Каспийского водораздела. Актау. 2010.
30. Самашев З.С., Базылхан Н., Самашев С. Древнетюркские тамги. Абди. Алматы. 2010.
31. Төлегенұлы Б. Маңғыстаудағы көне түркі жазуы зерттеп, зерделеуді қажет етеді. Шерқала. № 2-3, 2014.76-79б.
32. Муминов Ә.Қ., Нұрманова А.Ш. Шақпақ-ата жерасты мешіті мен қорымының эпиграфикасы. Дайк-пресс. Алматы. 2009.
33. Сейсем ата қорымының араб жазуындағы эпиграфикасы. Құрастырушылар: Ә.Қ. Муминов., А.Ш. Нұрманова, Н.А. Құлбаев. Астана. 2015.
34. Құлбаев Н.А. Арал-Каспий аралығы ескерткіштеріндегі араб графикалық мәтіндердің анықтамалығы. Бабамұра-М. Алматы. 2015.

## НАПРАВЛЕНИЯ ИССЛЕДОВАНИЯ КАМНЕЙ С НАДПИСАМИ В МАНГИСТАУ И УСТЮРТ

Статья написана в рамках исследовательского проекта «AP08856996 Концептуальное пространство сакральных текстов в Мангистау (поэтические тексты жырау, эпитафические тексты, петроглифы)» финансируемого грантом МОН РК.

*Толеген Б.* - Менеджер музея Международной тюркской академии, г. Нур-султан, Казахстан.

*Нурдаuletova Б.И.* - Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

*Аннотация.* В статье рассказывается об изучении символических камней Мангистауской и Устыуртской областей, его значения и будущих задачах.

В процессе исследования камней с надписями Мангистау было решено множество задач, в том числе, в первую очередь, вопросы культурного наследия, уточнили источники и пути их обновления, а сюжеты, присутствующие в этих надписях восстановили и объяснили исчезающие компоненты традиционной культуры наших предков, взаимосвязь с окружающей средой и соседними государствами, духовный мир, философские и эстетические взгляды, являющиеся бесценными источниками информации.

*Ключевые слова:* камни с надписями, петроглифы, сакральная сущность, Мангистауская степь, Устыурт, Евразийский континент, сакральный текст.

## DIRECTIONS OF RESEARCHING STONES WITH INSCRIPTIONS IN MANGISTAU AND USTYURT

The article was written within the framework of the research project "AP08856996 «The conceptual space of sacred texts in Mangistau (poetic texts zhyrau, epitaph texts, petroglyphs)»" funded by a grant from the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

*Tolegen B.* - Museum Manager of the International Turkic Academy, Republic of Kazakhstan.

*Nurdauletova B.I.* - Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yessenova, Aktau, Republic of Kazakhstan.

*Abstract.* The article tells about the study of the symbolic stones of the Mangistau and Ustyurt regions, its meaning and future tasks.

In this research project, almost all epitaph entries found in the Mangystau region will be listed and recorded, translated into modern Kazakh, lexical and semantic, conceptual analysis of texts will be performed, iconic stones in Mangystau region will be systematized, classified, interpreted and, if possible, interpreted and put into scientific circulation, a documentary will be shot on the work of the expeditionary work.

*Keywords:* stones with inscriptions, petroglyphs, sacred essence, Mangystau steppe, Ustyurt, Eurasian continent, sacred text

ӨОЖ 930.27

**ТАҢБА-ЖАЗУ –АДАМЗАТ  
ТАНЫМЫ МЕН ТАРИХЫНЫҢ  
ҚҰНДЫ АҚПАРАТЫ**

**Мақала ҚР БҒМ грантымен  
қаржыландырылатын «AP08856996  
Маңғыстау аймағындағы сакралды  
мәтіндердің концептуалды кеңістігі  
(жыраулық мәтіндер, эпитафиялық  
жазба мәтіндері, петроглифтер)»  
ғылыми жобасы аясында жазылды**

**АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә.**

Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан  
e-mail: a\_zhanat@mail.ru

**НҮРДӘУЛЕТОВА Б.И.**

Ш.Есенов атындағы Каспий  
технологиялар және инжиниринг  
университеті, Ақтау қ., Қазақстан  
e-mail: nurdauletova@mail.ru

*Аңдатпа.* Мақалада адамзат тарихындағы таң-жазудың шығу тарихы өркениет өзегі, рухани құндылық ретінде талданады. Адам баласы ойлап тапқан қарапайым еңбек құралдарынан бастап күллі өнімдер адамзаттың рухани дүниені сезінуге және санада туындаған дерексіз ұғымдарды бейнелеуге бейімділігін көрсетеді. Көне дәуірлерде тас бетіне қашалған таңбалар осының айғағы.

Тастағы таңбалар, өз уақытында, яғни таңбалау кезінде табиғатқа тікелей әсер ету мақсатында туындаса да, белгілі дәрежеде өнер туындысы санатына кіреді. Аристотельдің ұсынған теориясы өнер атаулының табиғатқа еліктеуден туатынын негіздеді.

*Түйінді сөздер:* таңба, жазу, пиктография, идеография, сына жазу, Мысыр, Шумер, таным, көне түркі.

Адамзат қоғамында таңбаның маңызды ақпараттық, логикалық, мәдени, рухани қызмет атқарғанына сан дәуірлердің белесін асып, бұл күнге дейін жеткен көне жәдігерлер куәлік етеді.

Семиотик Ю.Лотман: «Таңбалар түрлі қуатпен әсер ету қабілетіне ие» [1, 12], – деп таңба атаулының адамзат өміріндегі маңызды орнын сипаттап жеткізген.

Тарихи әрі ғылыми мәліметтерге сүйенсек, адамзат тарихы таңбаланған ең алғашқы дерек Франциядағы Перигё қаласына жақын орналасқан Ласко үңгірі қабырғаларындағы «Аңшылық» атты сурет екен. Бұл таңба-сурет, ғалымдардың пікірінше, біздің ғасырымыздан қырық екі мың жыл бұрынғы адамзат санасының өркендеуін танытады.

Ежелгі бейнелеудің бірегей мысалы ретіндегі таңбаларды Ю.Борев «Шынайылықтың өзге болмысы, магиялық шындық» деп түсіндіреді. Магиялық шындық туралы: «Магиялық шындықтар көркем туындылардан өз мақсаттарымен ерекшеленеді; өнер – адамға әсер етуге тырысады, ал магиялық – тікелей өмірге әсер етуге тырысады. Осыдан келіп жартастағы суретте және биде аңды табиғи түрде бейнелеу туындайды», –

деген пайымын ұсынады [2,182]. Таңбамен бейнеленген символ-суреттерді көне дәуір адамының сенімінен туындаған магиялық әрекет деп қабылдасақ, осы магиялық шындықтың көркемдік шындыққа ауысу формасы миф болмақ. Ю.Боревтің миф туралы бұл тұжырымын да қисынды деп білеміз. Тас дәуірінің адамы жартасқа аңның суретін салғанда өнер туралы ештеме ойламаған, қиялдау дегенді білмеген болар. Ол бар болғаны аңшылығының сәтті болуын көкседі. Жартастағы аңның бейнесіне найза сұғып жаракаттау аңшының жеңіске деген сенімін нығайтады. Міне, таңба-суреттің магиялық сыры осында. Ежелгі адамның бар тәжірибесі – шынайы өмір, нақты тұрмыс. Ал оның таңбалаған бейнесі кейінгі дәуірдегі адамдардың шығармашылық тұрғыда ойлауына, соның нәтижесінде өнер туындысының дүниеге келуіне негіз болды.

Жазудың ілкі түрі ретінде, әдетте, петроглиф, пиктография, идеографияларды атайды. Алғашқы жазу таңбасы түрінде қолданылған иероглифтер жазу тарихының бастауында тұр.

Ғылымда протожазу кезеңіне таңылатын пиктографиялар тарихы біздің заманымызға дейінгі 9000 – 7000 жылдарға, жаңа тас дәуіріне тән, алдыңғы Азия мәдениетінің артефактісі санатындағы Сирия – Палестина аймағынан табылған таңбалы тастардан бастау алады. Бұдан кейінгі көне делінетін тарихи жәдігер – Хуанхэ өзенінің жағалауына орналасқан жаңа тас дәуірінің қонысы Цзяхудан 1962 жылы қазба кезінде табылған тасбақаның қабығындағы қытай иероглифтіне ұқсас таңба-жазу.

Винча мәдениетінің бірнеше нысандарынан табылған рәміздер жиынтығын неміс лингвистері Дунай протожазуы деп атағаны белгілі. Осы Дунай протожазуына тиесілі Тэртэр тақташаларын румын археологтары 1961 жылы Алба-Юлия қаласына отыз шақырымдай жердегі Тэртэр ауылынан тапқан. Күйдірілмеген балшықтан жасалған үш тақташамен бірге жиырма алты саз және әктас мүсіншелер, ересек ер адамның күйген қаңқа сүйегі болған. Бұл артефактілер біздің заманымызға дейінгі 5500 жылдың еншісінде.

Осындай жекелеген таңбалардан күрделі бейнелеулерге дейін жалғасқан таңба-жазу тарихынан дәуір тынысын танытатын, сол кездегі тұрмыс-тіршіліктен, дүниетанымнан ақпарат беретін тұтастай мәтіндер ерекше орын алады.

Тас дәуірінде жартасқа, үңірге бедерленген таңбалар ізінің жалғасын қорымдардан, құлпытастардан мәтін түрінде таба аламыз.

Аса маңызды қарым-қатынас құралы болған тіл мен мәдениет өзінің қызметін түрлі тәсілдермен атқарып келді. Солардың бірегейі көне дәуірлерден бүгінгі күнге дейін қолданыстағы таңбалар жүйесі екені белгілі. Таңба – жаратылыс туралы танымды, мақсат-мүддені, қилы тарих пен тағдырды жеткізуде маңызды міндет атқарған адамзаттық білім жүйесінің негізгі кілті.

Біздің дәуірімізге дейінгі есте жоқ ескі замандарда өмір сүрген адамдар таңбалап жазып қалдырған мұраны ғылым көне жазба ескерткіштер деп қарастырады.

Жазба мәтіндердің қайнар көздері ретінде тасқа, темірге, теріге, матаға, ағашқа бедерленген таңба-жазуларды айтамыз дедік. Ғылыми болжамдарға сүйенсек, көне жазудың пайда болуы бес жарым мыңжылдықтың арғы жағына кетеді. Сол көне дәуір қойнауынан жеткен жазба мәтіндер Тигр мен Ефрат өзенінің жағалауын мекендеген Шумерлерге және Ніл-дариямен тағыдыры тығыз байланысты Ежелгі Мысыр еліне тән.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, Қосөзен мен Мысыр жазуы шамамен бір дәуірге орайлас келеді. Бұл көне жазбалардан тылсым жаратылыс сырларына үңілу, оны тануға талпыну айрықша аңғарылады. Әлемнің құпиясына үңілу, түрлі жолдармен табиғат құбылыстарына әсер етуге ұмтылу, жаратылыс заңдылықтарын, заттар мен құбылыстарды құрмет тұтып, тағзым ету, дүниенің жаратылуын өз танымынша пайымдау «көне дүниенің көнесі» іспетті бұл мәтіндерге сакральды сипат дарытады.

Көне Мысыр жазба ескерткіштері. Еуропа ғалымдарының зерттеулеріне назар аударсақ, Ежелгі Мысыр тарихы жаңа дәуірге дейінгі төртмыңжылдықтан басталып,



христиан дәуірінің келуімен аяқталады. Әлем мифологиясы кеңістігіндегі ең көнесі – Мысыр мифологиясы. Мысырдың бір орталыққа бірікпеген кезінде туындаған, яғни Ежелгі патшалық (біздің заманымызға дейінгі 3200–2400 жж.) дәуіріне тән алғашқы жазба мәтіндерден әлемдік жазу тарихы басталуының бір мысалын көреміз.

«Ежелгі Мысыр екімыңжылдыққа жуық уақыт бойы батыс әлемінің қызығушылығын тудырып келді. Көне дәуір адамдары бабаларының дініне деген сенімдерін жоғалтқанда Мысырдың «данышпан абыздарына» жүгінді, «Мысыр даналығына» деген ерекше құрмет барлық пұтқа табынушылықтың күйреуіне дейін болған. Бұл құрмет Наполеонның экспедициясы бағзы бір кезде Ніл жағасында салтанат құрған тамаша өркениеттің ұлылығын ашқан кезде айтарлықтай қарқын алды. Сөйтіп Мысыр ғибадатханалары көпшілікке діни-мистикалық мінәжат орны ретінде қолайлы болды. Адам ақыл-ойының тереңдігі және кемел адамгершілік ескерткіштер мен сфинксті көмкеріп тұрған иероглифтерге жасырылған деп есептелді» [3, 10], – деп жазады мифолог М.Мюллер Мысыр мифологиясын нысан еткен іргелі зерттеу еңбегінде.

Иә, адам баласының дүниені танып, түйсінуді, табиғи және қоғамдық ортамен қарым-қатынасы – әр дәуірдің өзекті мәселесі болып келді.

Ежелгі Мысыр мифологиясын зерттеуде қайнар көз болған «Пирамида мәтіндері» – патшаларды жерлеу рәсімінің көне мәтіндері. Бұл мәтіндер Ежелгі патшалықтың V–VI әулеті перғауындары (б.з.д. 26–22 ғғ.) пирамидаларының ішкі қабырғасына қашалып жазылған. «Саркофаг мәтіндері» Орта патшалық кезеңіндегі (б.з.д. 21–18ғғ.) табыттарда сақталған жазбалар. «Өлілер кітабы» Жаңа патшалық кезеңінен Ежелгі Мысыр тарихының ақырына дейінгі жерлеуге қатысты мәтіндер жиынтығы. Бұл аталған мәтіндер – адамзат тарихындағы алғашқы жазба жәдігерліктердің үлгісі.

Каирден оңтүстікке қарай отыз шақырымдай жерде орналасқан Саккара елді мекеніндегі Ежелгі Мемфис перғауындарының қорымындағы пирамидалардың ішкі қабырғаларына бедергенген мәтіндер шамамен б.з.д. 2350 – 2175 аралығында жазылған. Саккара атауы Мысыр мифтіндегі өлілер әлемінің құдайы деп білген Сокараның есімінен шыққан. Бұл пирамидаларда V әулеттің перғауыны Унис, VI әулеттің перғауындары Тети, Пепи I, Меренра, Пепи II, Неферкара жерленген. Сонда мәтіннің жазылу уақыты бір жарым ғасырдай уақытты қамтиды. Мысыртанушылар бұл мәтіндер пирамиданың тұрғызылуынан бұрын туындаған әрі Солтүстік және Оңтүстік Мысырдың бірігуіне дейін ұзақ уақыт бойы жазылған деп болжайды.

Ортаңғы патшалықтың еншісіндегі «Саркофаг мәтіндері» табыт бетіне жазылған. «Пирамида мәтіндеріне» жекелеген ұқсастықтары болғанымен, саркофаг мәтіндерінің мазмұнында тың материалдар көп. Мәтіндер адамның күнделікті қажеттіктерімен байланысты мәселелерді де қамтиды. Яғни бұл мәтіндердің патшаларға ғана емес, қарапайым ауқатты жандарға да қатыстылығын білдіреді. Енді қарапайым әрбір мысырлық адам өзіне табыт әзірлеп, жерлеу рәсімдеріне дайындық жасай алатын болған. О дүниеге, яғни өмірден кейінгі екінші әлемге перғауындар ғана емес, қарапайым мысырлық та құқылы болғандығы осы мәтін мазмұнынан аңғарылады. Кейде жазуға ұқсас таңбалар қабір қабырғаларынан, сандық бетінен, бальзам құйылған арнайы ыдыс – каноптардан, папирустардан, тіпті мумия маскаларынан да кездеседі. Табыт бетінің көлеміне қарай мәтіндер ықшамдалып, өз кезегінде мінәжаттың ықшам әрі толық түрдегі нұсқасының туындауына әкелген. Бұл нұсқалар кейінгі «Өлілер кітабына» да енген.

«Өлілер кітабы» – Ежелгі Мысыр гимндері мен діни мәтіндерінің жинағы. Ежелгі жазба ескерткіш атауын неміс археологы Карл Рихард Лепсиус берген. Мұны «Арылу, тазару кітабы» деп атаса да болғандай. Бұл мәтіндер марқұмды басқа әлемде қауіптен қорғап, көмектесу үшін және о дүниеде жаны жайлы болу үшін керек деп түсінген.

«Өлілер кітабының» түрлі көшірмелері екі жүз бөлімге дейінгі көлемдегі ұзақ поэтикалық гимндерден бастап бір жолдық магиялық формулалармен аяқталатын мәтіндерден түзілген. Ежелгі жазбаның оралған папирусқа жазылған үздік үлгілерінің бірі

ХҮІІ әулет билігінің мәдени гүлдену кезеңіне тиесілі. Мәтін жазыған папирустардың көпшілігі Фивыдағы абыздар қорымынан табылған. Бұл папирустар жерлеу рәсіміне, жанның ана дүниедегі сот алдында жауап беруіне қатысты суреттермен безендіріліп, кейбірі марқұмға бағышталған дұғалармен және жер асты әлемі туралы түсініктермен байланысты болып келеді.

XVI әулет билігі кезеңінде пайда болған «Өлілер кітабының» бір нұсқасы ежелгі діни және жерлеу дәстүрінің жаңғыруымен байланысты. Бұл кезеңде ғибадатханалар қалпына келтіріліп, «Өлілер кітабының» ескі мәтіндері қайта көшіріліп, өңделіп, түзетілген.

Ежелгі Мысыр жазбаларындағы иероглифтердің саны 750-ге жуық. Бір таңбалар тұтас бір сөзді білдірсе, тағы бір таңбалар жеке дауыссыз дыбысты таңбалайды. Сондай-ақ екі дауыссыз, үш дауыссыз дыбысты білдіретін иероглифтер де бар.

Мысыр жазуының бір ерекшелігі – мұнда дауысты дыбыстар таңбаланбаған. Иероглифтердің бір тобы оқылымға келмейді, олар таңба-айқындауыштар түрінде берілген. Мысалы, отырған әйелді бейнелейтін иероглиф бұл мәтінде әйел туралы айтылатынын мегзейді. Ал егер құдық бейнеленсе, онда мәтінде бұлақ, тоған, немесе құдық, тағы басқа су көздері туралы айтылатынын білдіреді. Иероглифтердің кескіндеу түріндегі қызметі біртіндеп өзгеріске түсті, кейіннен сурет түрінде бейнелеу тоқтатылды.

Ежелгі Мысырлықтардың жазу материалы папирус болды. Ұзын діңі бар өсімдіктер таңдалып, қатты қабығы алынып, бос өзегін ұзынша жолақтарға кеседі. Кесілген жолақтар сумен шыланған үстелге бір-біріне өте жақын, шеттері қабаттасырыла орналастырды. Жолақтардың біріккен тұсын ағаштан бөлініп шыққан желім сияқты сұйықтық жапсырып ұстады. Шеттеріндегі қисық тұстар тегістеліп, нәтижесінде тік бұрышты парақ дайын болды. Оның бет жағын сияның жайылып кетпеуі үшін ұнтақ желімнің жұқа қабатымен жапты. Сонан соң күннің көзіне кептіріп, піл сүйегінен жасалған құралмен тегістеді, балғамен ұрып, кедір-бұдыр тұстарын жөнделді. Осылайша папирустың қағазға ұқсас жұқа сарғыш парағы дайын болды. Міне, осы папирусқа мәтіндер таңбаланды.

Мәтінді жазатын әрбір хатшы-жылнамашы өзімен бірге құндаққа салынған, жазуға ыңғайлы етіп үшкірленген қамыс, бояуды езу үшін су құйылған кішкене құмыра, қара және қызыл бояу құйылған шұңғыл екі ыдыс алып жүрген. Негізгі мәтін қара түсті бояумен жазылды, әрбір жаңа бөлімнің басы қызыл түсті бояумен бөлініп көрсетілді. Мәтінді «қызыл жолдан», яғни жаңа жолдан бастау деген тіркес осыдан шыққан.

Пирамида мәтіндерінің оқылуы, түсіндірілуі ғылымда аса маңызды мәселе болды. Көне дүниенің танымы мен тіршілігін, мақсат-мұратын таңбалаған жазбалар бүгінгі күнге әуелгі қалпында толығымен жеткен жоқ. Мысыр мәдениетіне ерекше назар аударған орыс жазушысы И.В.Рак: «Ежелгі Мысыр мәтіндерінің негізгі бөліктері үзінділер түрінде жетті, оның мазмұнындағы ишаралар мен сілтемелер бізге түсініксіз, ақырында, алғашқы ой бұрмаланған миф бөлшектері антикалық авторлардың өз түсіндірмелерін берген әңгімелеулерінде сақталған», – дейді [4, 8].

Ежелгі дүниенің тыныс-тіршілігі мен салт-дәстүрін, таным-түсінігін мәтін түрінде таңбалаған Мысыр жазбаларының ғылымға танылуында ең әуелі француз ғалымы Франсуа Огюст Фердинан Мариеттің елеулі еңбегі бар. XIX ғасырдың орта шенінде Мысырда археологиялық зерттеулер жүргізген ғалым Каирдағы Мысыр музейінің негізін қалады. 1880 жылдары ол Гастон Маспероның бастамасымен Саккара пирамидасына зерттеу жүргізу барысында «Пирамида мәтіндерінің» үзінділерін тапты.

«Пирамида мәтіндерін» зерттеуде француз мысыртанушысы Гастон Маспероның еңбегі зор болды. Ол «Пирамида мәтіндерінің» магиялық формуласын шешуде, бір ізге түсіріп, тұтас мазмұнын танытуда және аударуда жүйелі ізденістер жүргізіп, ғылым үшін аса маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Г.Масперо мәтінге жасаған аудармасының бастапқы сипатқа ғана ие екенін ерекше ескерткен.

Ежелгі Мысыр мәтіндерін зерттеушілердің бірі – көрнекті неміс мысыртанушысы, филолог Курт Зете. К.Зете Берлин мысыртану мектебінің негізін салушы, партиарх Адольф Ерманның шәкірті еді. Ол Мысыр еліне жасалған бірнеше сапарында ежелгі мәтіндердің бірсыпыра коллекциясын жинады. «Мысыр көнелігінің есептері» деген атпен мысыр әдебиетінің мерзімді каталогын жариялап тұрды. Курт Зете – Мысыр тілінің етістіктерін алғаш зерттеген ғалым. Оның екі шәкірті – Алан Гардинер мен Ханс Полоцкий де белгілі мысыртанушы ғалымдар. Курт Зете Ежелгі Мысыр эпиграфикасы үлгілерін «Египетология құжаттары» деген атпен жарыққа шығарды.

Ежелгі Мысыр жазба ескерткіштері көне дүние адамдарының мәңгілік өмір, рух мәңгіліктігі, рухани тазалық туралы түсініктері мен сенімдерін танытуымен құнды.

Дүниенің жаралтылуы, тіршіліктің пайда болуы туралы ежелгі таным-түсінік, сенім осы көне мәтіндердің мазмұнына сіңген. Зұлымдық пен ізгілік, жақсылық пен жамандық, ақ пен қара сияқты қарама-қайшы ұғымдардың толастамас күресінің ішінен өніп шығып, ілгері қадам басқан «өмірлік даму» ескілікті жазбалардың алтын өзегі десе де болғандай. Қарабайыр мифологиядағы жасампаз қаһармандар ретінде әрекет ететін «құдайлар» образының астарына өмір заңдылықтары жасырылған. Әлем қалай жаратылды, құбылыстар мен нысандардың пайда болуына қандай күш ықпал етті деген сауалға жауап іздеген көне дүние адамдарының ой-қиялынан, сенім-түсінігінен туындаған оқиғалар «Пирамида мәтіндері», «Саркофаг мәтіндері», «Өлілер кітабы» сияқты көненің көнесі болған ескерткіштердің негізгі арқауы. Адам рухының мәңгіліктігіне деген аңсар көне мәтіндердегі қайта тірілу, бұ дүниеден о дүниеге, яғни екінші бір тылсым әлемге бару түрінде түсіндіріліп, екі дүние шекарасында Ұлы Сот алдында жауап беріп, күллі іс-әрекетінің таразыға тартылатыны жайлы мотивтер тұрақты сипат алады.

Көне мәтіндер мысыртанушылардың, мифолог ғалымдардың Ежелгі Мысыр мифологиясын жүйелеуіне жол ашты. Дороти Норман «Мысырдың ежелгі Гелиополь Тоғыздығы» деп айқындаған «Тоғыз Құдайының» басында тұрған Атум, оның бойынан жаралған Шу (ауа) мен Тефнут (ылғал); бұл екеуінен тараған Геб (жер) пен Нут (аспан); соңғы екеуінен жаралған Осирис пен Исида, Сет пен Нефтис (Нефтида) – өзара қарым-қатынастары арқылы космогонияны (алғашқы бесеуі) және табиғат пен адамдар арасындағы байланысты (соңғы төртеуі) танытады. Бұл антропоморфты қаһармандардың соңғы әрі бірегей тұлғасы – Гор (Хор) [5, 417].

Көне мәтіндегі ақпараттар негізінде жасалған бұл талдау мен тұжырым адам санасының тылсым дүниені тұспал, ишаралармен түсініп-қабылдауға бейімділігін барынша аңғартады. «Ежелгі Мысыр мифологиясының символикалық мәні тек діни мәтіндерге ғана емес, қабырғалардағы кескіндерге, бедерлерге, папирустағы суреттерге де тән. Осы тұрғыдан келгенде Мысыр кескін өнері мен оның дәстүрі каноны Ежелгі Грек өнерінен өзгеше мәнге ие», – деп көрсетеді И.В.Рак [4, 16].

«Пирамида мәтіндерінің» көптеген бөлімдерінде Осирисің тірілуі оқиғасы баяндалады. Бұл мотив қазақша поэтикалық тілмен өрнектегенде төмендегідей сипатта:

Осирисің тірілуі

Исиданың дауыс салып, Нефтиданың жылағанын,  
Естіген соң құдай біткен таппақ болып бір амалын,  
Осириске келді бәрі.

Тыңда Осирис, саған айтты,

Тілектерін құлаққа іліп, орындарсың сұрағанын:

«Кетіп қалсаң бізден ұзап, қайта айналып келерсің сен,  
Ұйықтап кетсең, оянарсың, сосын бізді көрерсің сен.  
Өлген болсаң, тірілерсің, тірілем деп сенерсің сен!

Түрегелші, қара бері, біл ұлыңның не істегенін,  
Оян, тыңда, Горды көрші, ол тұрғанда өшкен өлім.  
Дұшпаныңды табаныңа салып берді,  
көзін ойып  
алып берді саған,  
басқа керегі жоқ ештеменің.

Гор ұлыңның ерлігін көр, Ба-рухың демеді оны,  
Сенің күшің оған дарып, ұлы ерлікке жебегені.  
Тұр орныңнан! Қолыңды да бердің оған,  
қылды әрекет,  
Сен келсін деп ұлың сондай іс жасады өнегелі».

Оянады ұлы Осирис, көзін ашып, түрегелді,  
Құдырет-күш қуат беріп, табанында түнек өлді.  
Көтерілді жарық көкке, Ұлы Ақиқат әміршісі  
Тірілгенде, өмір нұры жанарынан түлеп, өрді.

Ұлы Атум да,  
Шу мен Тефнут, Геб пен Нут та қуанышты.  
Аспан мен Жер құдайлары тапқандай боп жұбанышты:  
«Бізге кел, – деп, шақырды оны, – әкесінің үлкен ұлы,  
Анасының тұңғышы бұл, ағамыз», – деп құрақ ұшты.  
(Поэтикалық аударма біздікі – Ж.Аймұхамбет)

Көне танымның өзегіне айналған мәңгілік өмір, қайта тірілу сенімі «Пирамида мәтіндерінде» осылайша Осирисінің бұл өмірге оралуымен бейнеленеді. Алайда, тірілген Осирис таққа отырудан бас тартып, ұлы Горға билікті береді. Өзі жер асты әлемінің әміршісі, екі дүние шекарасындағы Ұлы Сот билігінің иесі болып қалады. Мысырлықтардың жанның бес бөлшегі (соның біріеуі –Ба, адам жанының қанатты бөлшегі, оған аспанға жол ашық, екі әлемде де емін-еркі жүреді) туралы түсінігі, Осирисінің екінші әлемде қалуы – екі дүние тең, рух мәңгі жасайды деген танымнан көктеген сенім.

Мысыр мәтіндерінде өмір-өлім//ізгілік-зұлымдық ұғымдарының қайшылығы жарық пен қараңғының, күн мен түннің бітпес шайқасы түрінде суреттеледі. Үздіксіз майдан алаңындағы Гор мен Сеттің шайқасы осы қайшылықтың символикасы.

«Пирамида мәтіндерінің» бірінде жазылғандай, Мысыр патшасы Жаратушы Атумға: «Бір сарай ішіндегі Екеуге – Гор мен Сетке көз қырыңды салғайсың», – деп тіл қатады. «Бір сарайдың екі тұрғыны» – өмірдің екі түрлі құбылысы, тіршіліктің екі сипаты. Гор – жасампаз күш, ол күнге қарай көтерілу, жарыққа ұмтылу, Сет – жойымпаз күш, түнге қарай жылжу, қараңғылыққа ұмтылу. Екі кейіпкер қарама-қарсы күш пен құбылыстың иесі ретінде сиатталып, астарлы мәтінмен ұсынылады.

«Өлілер кітабындағы» мына мәтінге назар аударайық: «Сәлем бердім, Уа, Жаратушым, мен жүре алмайтын, кешегі күнде қалған Ұлы Түйінмін. Менің күшім менің қолымда. Менің өзім саған белгісізбін, бірақ мен сені білемін... Мен миллиондаған жыл өмір сүруші Гормын... Мен жол аштым» (үзінді Дороти Норманның қазақ тіліне аударылған еңбегінің VIII тарауынан алынды) [5, 417]. Жасампаз қаһарман Гордың бұл тіл қатуы адами рухтың асқақтығын, сонымен бірге жаратылысқа жалбарынуын, мінәжатын аңғартады.

Ежелгі Мысыр таңба-жазулары сакралды мазмұнымен ерекшеленетінін келтірілген бұл мысалдар дәйектей түседі. Жалпы, «жазу» ұғымының әуелгі санадағы «таңбасы» «тағдыр» сөзімен ассоциацияланады. Дерексіз ұғымның деректі мән иеленіп, адамзаттың



ұлы мәдени құндылығына айналуының айқын бір көрінісі осы жазба ескерткіштер десек болар.

Шумер сына жазуы. Таңба-мәтіндер тарихында Қосөзен мәдениетінің жазба ескерткіштері ерекше орынға ие. Месопотамия халқы бай мәдениетті туындатып, әлем руханиятына үлке олжа салды. Бұл өлкеде жазудың пайда болуы ғылым мен өнердің дамуына ықпал етті.

Ең алғаш жазуды ойлап тапқан шумерліктер екені ғылымда сан мәрте айтылып келеді. Көне мәтіндердер негізінен суретті жазу түрінде болды. Ойды жеткізуде суретті пайдаланудың қиындығы сына жазудың туындауына себеп болды. Сыналардан құралған таңбалар жекелеген сөздермен бірге буынды да білдірді. Сына жазу жүйесі күрделі әрі рабайсыз еді. Бір ғана сына таңба бірнеше мағынаны білдіретін. Мұндағы барлық таңбалар жиынтығы 600-ден асты.

Сына жазудың өз заманы үшін мәні зор еді. Шумер жазуының әсерімен Шығыс халықтарының және көшпелілердің жазу тарихында жазудың әліпбилік жүйесі түзілді. Қосөзен аумағында молына кездесетін сазды күйдіріп, соған түсірілген сына жазулар папирустағы, өсімдіктен немесе жануар терісіне әзірленген материалдардағы жазуларға қарағанда жақсы сақталды. Соның арқасында Ежелгі Қосөзеннің көптеген мәтіндері осы күнге Мысыр мәтіндерімен салыстырғанда толықтай жетті деуге болады. Шумер жазуын оның заңды мұрагері аккадтықтар мен эламдықтар пайдаланып, дамытты.

Шумер сына жазулары туралы Еуропаны алғаш хабардар еткен Пьетро делла Валла.

Ресейлік шығыстанушы-шумеролог В.В.Емельянов: «Жазудың пайда болуы үшін алғышарттар VII–V мыңжылдықта, «заттық жазу» пайда болғанда жасалды. Археологтар Месопотамия, Сирия және Иран территориясынан саз бен тастан, жасалған ұсақ заттарды, геометриялық фигураларды (шарик, цилиндр, диск, конус) жиі кездестіретін. Ұзақ әрі тыңғылықты зерттеу нәтижесінде Д.Шманд-Бессер мынадай қорытындыға келеді: бұлар өзіндік мәні бар текшелер, мысалы цилиндр «бір қой» дегенді білдірсе, конус «бір құмыра май» деген ұғымды білдіреді, т.с.с.», – деп жазады [6, 168].

Шумер мәтіндеріндегі таңбалардың өзіндік ерекшелігі көптеген шығыстанушы шумерологтардың зерттеулерінің өзегіне айналды. Көне мәтіннің мән-мағынасын, ерекшелігін зерделеуде небір тұжырымдар жасалды.

«Ежелгі Қосөзенде жазуды шумерліктер ойлап тапты, алғашқы шаруашылық құжаттары Урук қаласы ғибадатханасында құрастырылды. Бұлар сазға бедерленген пиктограммалар – суретті жазу таңбалар болатын. Алғашында заттар нақты түрде айқын түсірілген, және саз құжаттардағы жазу мысыр иероглифін еске түсіретін. Бірақ кейіннен жазу жазылатын материал болған саздың әсерінен және шумерлердің пиктографиялық жазуды жылдамдату қажеттігіне байланысты, біріншіде абстрактілі сына жазу болып түрленеді, екіншіден, сағат тіліне қарсы тоқсан градусқа бұрылады. Жазу пішісінің өзгеру процесімен қатарласа жазу таңбасының түсінікті бейнелеу таңбасы және дыбысты таныту таңбасымен қосарлануы жүзеге асады. Осылайша бір таңба әрі буын, әрі сөз бола алатын сөздік-буындық жазу туындайды», – деп, шумер таңба-жазуының өзіндік табиғатын көрсетеді В.В.Емельянов [6, 169].

Шумерлер таңбаларында кез келген кескін сөзбен, дыбыс бейнемен асооциацияланады. Шумер мәдениетінің жазба ескерткіштерін ғалымдар екі үлкен топқа жіктейді. Олар: синхронды-шумерлік және шумертілді постшумерлік. Бірінші топқа шаруашылық есебіне қатысты құжаттарды, ғибадатхана және патшалар гимнін, патшалар жазбасын кіргізсе, екінші топқа әдеби және рәсімдік канонға негізделген мәтіндер мен екі тілді шумер-аккад сөздігі жатқызылады. Бірінші топтағы мәтіндер күнделікті тұрмыс, экономикалық және идеологиялық өмірдегі шаруашылық қатынастар, атқарылған жұмыстар туралы патшаның жаратушыға есебі, ғибадатханаларға және тәңірі тектес патшаларға мадақ мазмұнында болды. Шумер мәтіндерінде данышпан адамды «зерделі»,



«аңғарлы» деп атаса, шумер тілінде «ақыл-ой» және «құлақ» деген бір сөз. Яғни құдайлар өмірінің ең қастерлі тарихы, негізгі әдет-ғұрып өзіне естен шығу қаупі төнгенге дейін жадта сақталып, ауызша айтылады. Дәл осы тұрғыдан екінші топқа кіретін мәтіндерді шумерліктер емес, олардың ассимиляцияға түскен ұрпақтары мен шумерлік емес халықтар таққа мұрагерлік пен дәстүрге адалдықты заңдастыру мақсатында туындатқан. Жазылған мәтін болса да «оқу» етістігі жоқ, тақташаларды «көру» және «есту» керектігіне назар аударылады. Ғылыми дәйектемелер тақташаларға жазылған мәтіндер мектептегі шәкірттерге арналса, стела, конус, цилиндрге жазылған мәтіндер әміршілерге, болашақ ұрпаққа арналғанын айтады.

Бірінші топқа кіретін шумер дәуірінің мәтіндерін көне мәтіндер, саргонидтер дәуірі және жаңа шумер мәтіндері деп жіктеу орын алған. Ал екінші шумертілді постшумерлік мәтіндерді көне қабат мәтіндері, саргондық қабат мәтіндері, кешшумерлік және шумерден кейінгі мәтіндер деп қарастыру қалыптасқан.

В.Емельянов атап көрсеткендей, шумер мәтіндері тақташаларының соңы колофондармен бөлінген. Ол бөлікте, яғни колофонда бұл мәтіннің кімге тиесілі екендігі көрсетілген. Жаратушыға, ғибадатханаға, патшаларға, батырларға арналған гимн мәтіндері за-ми-дуг – «(Мұндай) мақтау ұнамды» деген колофондық формуламен берілсе, мәртебелілік жөніндегі сұхбаттасулар адаман-дуг-га – «дау», мінәжат мәтіндері иним-иним-ма – «сөз (қандай да бір зат үстіндегі)» формулаларымен көрсетілген [5, 173].

Адамзат тарихында мәдениеттің бастау орталығы болған Шумер сына жазуының шығуы мектептердің пайда болуына негіз болды. Ежелгі өркениет орталығы ретінде Шумер мәдениеті қалыптастырған дәстүрдің бірі – шәкірттерді мектепте оқыту.

Америкалық шығыстанушы, әйгілі шумеролог Сэмюэл Ноа Крамер «Алғашқы жазба ескерткіштер ежелгі Шумер қаласы Урук қирандыларының ішінен табылды. Осы жерден пиктографиялық жазбалармен өрнектелген мыңнан артық саз тақташалар болды. Негізінен олар шаруашылық және әкімшілік жазбалар еді, сонымен бірге олардың ішінде бірнеше оқулық мәтіндері кездеседі. Бұл, б.з.д. 3000 жылдар шамасында шумер хатшы-жазбагерлері білім беру, оқыту ісімен шұғылданғанына куәлік етеді» [7,18], – дей келе, шамасы, сол үш мың жылдықтың орта кезеңінде оқу мен жазуға жүйелі түрде баулитын мектептер желісі болғанын айтады. 1902-1903 жылдары Ежелгі Шурупшак қаласының орнына жүрген қазба нәтижесінде «мектеп мәтіндері» жазылған б.з.д. 2500 ж. тиесілі көп саз тақташалардың табылуы ғалымның бұл болжамын қуаттай түседі.

С.Крамер «Гильгамеш, саз тақташалардағы поэма мәтінінің кірспе бөліміне өз тарапынан «Энкиду және жер асты патшалығы» деген ат қойып, талдау барысында шумерлердің дүниетанымын, жаратылыс туралы түсінік-сенімін танытуға талпыныс жасайды. Ғалым көрсеткен поэманың кірспесінде мынадай жолдар бар:

Аспан жерден бөлінгенде – сол кезде,  
 Жер аспаннан шегінгенде – сол кезде,  
 Адам аты қойылғанда – сол кезде  
 Ан аспанға ие болған – сол кезде,  
 Энлиль жерге кие болған – сол кезде  
 (Поэтикалық аударма біздікі – Ж. Аймұхамбет)

Әлем халықтарының мифологиясынан біз аспанды – әке, жерді – ана деп таныған баяндарды білеміз.

Шумер-аккадтардың жазба ескерткіштердің сақталу тарихы б.з.д. 689-633 жж. өмір сүрген Ашшурбанипал кітапханасымен байланысты. Вавилонды (б.з.д. 648 ж.), Мысырды, Эламды (б.з.д. 639 ж.) жаулап алып, Сирияда, Финикияда әмірін жүргізген ол өзі билік еткен кезеңде мәдениеттің, өнердің, жазудың дамуына жағдай жасаған. Ассирияның орталығы болған Ниневия қаласында Ашшурбанипал салдырған кітапхана болғандығы тарихтан белгілі. Оның қалдығын археологтар ХІХ ғасырдың аяқ кезінде тапты. Бұл көне кітапхана орнына қазба жүргізу нәтижесінде Шумер және Вавилон-Ассирия мәдениетіне

тиесілі сына жазулар жазылған, күйдірілген саздан жасаған жиырма мыңнан астам тақташа табылған.

Ашшурбанипал кітапханасын алғаш тауып, зерттеген ғалымдар ағылшын археологтары болуы себепті көне кітапханадан табылған артефактілердің бәрі қазірде Британ музейінде сақтаулы. Ниневия кітапханасының орнына 1846-1851 жылдар аралығында Остин Генри Лайдерс, 1852-1854 жылдар аралығында Генри Кресвик Роулинсон қазба, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Сөйтіп, жергілікті Ирак археологы Хорусд Рассам Роулинсонмен бірлесе отырып, бірнеше мың жазба тақташаны ашады. Көне кітапхананың құнды артефактілері – жазу тарихын танып, білуімізге жол ашқан үлкен қазына болды.

Қосөзен бойын мекендеп, күллі адамзатқа өз мәдениетімен ықпал еткен көне тайпалардың дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігін, дүниенің жаралуы туралы мифтік мотивтерді ұсынған «Энума элиш» жазба ескерткіші де осы Ашшурбанипал кітапханасынан табылған.

Жазу адамзат қоғамы үшін өзінің қажеттігін уақыт жылжыған сайын дәлелдей түсті. Ежелгі Финикия көпестеріне саудалары сәтті жүруі үшін жазба жүргізу қажеттігі басым болды. Осы мақсатта олар ескі жазуларды пайдалануды ойлады, алайда Мысыр жазбалары да, сына жазу да олар үшін өте күрделі еді. Сөйтіп олар жиырма екі таңбадан тұратын жеке жазуларын дүниеге келтірді.

Финикия әліпбиіндегі әрбір таңба жекелеген бір ғана дыбысты береді. Финикия әліпбиінің ерекшелігі – жиырма екі әріптің әрқайсысы бір затты бейнелейді әрі сөздің бастапқы дыбысын білдіреді. Финикия әліпбиінде дауыссыз дыбыстар таңбаланып, дауысты дыбыстар көрсетілмеді. Дауысты дыбыстардың таңбаланбауы көптеген сөздердің дұрыс оқылмауына әкелді. Осылайша таңбаланған ұғымды дұрыс оқу, түсіну қиынға түсті. Қалай болғанда да бұл әліпбидің де өз заманында маңызды ролі болды.

Жазу тарихында ерекше жаңалығымен аталатын көне түркі ескерткіштерін ғылым «руна жазуы» яғни құпия жазу ретінде қабылдады. Қара мәрмәр тасқа қашалған жазу құпиясын ашу қиынға соқты. Әйгілі даниялық ғалым Вильгелм Томсен жазу тілін тауып, «Тәңірі», «түркі» деген сөздерді оқып, бұл ескерткіштердің Түркі қағанатына тиесілі екенін дәлелдеуі ғылымдағы үлкен сенсация болды.

Біздің дәуіріміздің VI–IX ғғ. тас бетіне түскен түркілердің елдігі мен ерлігі, танымы мен тұрмысы, жауынгерлігі туралы жазбалар көне шумер мәтіндерінен тамырланып, көшпелілер өркениетінің көнелілігін және өзара сабақтастығын танытты.

Б.з.д. мәдениет ошағының көзі, жазудың Отаны болған шумерлердің түркі тектілермен туыстығы жайлы ғылыми болжамдар бары белгілі. Қосөзеннің оңтүстігінде б.з.д. 3500 жж. шамасында қоныстанған шумерлердің тілі айналасына, жақын қонған тайпаларға түсініксіз болғанын зерттеуші ғалымдар атап көрсетеді. Шумертанушы неміс ғалымы А.Фалькенштейн шумерлердің Қосөзен бойына келуін тас дәуірі деп көрсетеді. Ағылшын лингвист ғалымы, ассиролог Генри Роулинсон Бехустин сына жазуы мәтіндерін зерттеу нәтижесінде оны скиф, түркі тайпаларының тіліне жақын деп қорытынды жасап, шумерліктерді вавилондық скифтер деп атаған.

Шумерлердің көшпелілік тегі туралы пікір-болжамдар көне шумерлер тілі мен түркі тілін салыстыра қарауды қажет етті. Неміс шығыстанушы ғалымы әрі тарихшысы Фриц Хоммель XIX ғасырдың аяқ шеніндегі зерттеуінде шумерлер – Тұран тектестер деп есептеп, шумер мәтіндерінен түркі тіліне ұқсас екі жүз сөзді айқындап көрсетті. Тағы бір неміс ғалымы Курт Вальтер Керам XX ғасырдың 60-жылдарында шумер тілі көне түркі тіліне ұқсас екенін нақтылап айтты. Қазақ түркітанушы ғалымы А.С.Аманжолов шумер-түркі туыстығын 1969 жылы Германияда өткен халықаралық конференциядағы баяндамасында атап өтеді. Кеңестік қоғам тарапынан бұл пікір, әрине, қолдау таппады.

Түркітанушы ғалымдар бұл бағыттағы ізденістерін тоқтатпады. Түрік ғалымы Осман Недим Тун 1947 жылдан бастап зерттеу жүргізіп, 1990 жылдары нәтижесін

жариялады. Бұл еңбегінде ол түркі тілімен түбірлес келетін 168 шумер сөзін мысалға алып, салыстырмалы талдау жасайды да, екі тілдің бір-біріне ерекше ықпалы барын алға тартады. Шумер жазуына ерекше мән беріп, ондағы таңбалардың мән-мағынасын саралауға көрнекті қазақ ақыны Олжас Сүлейменов ерекше еңбек сіңірді.

Шумер мен түркі мәдениеті арасындағы сабақтастықты екі тайпадан мұра болып қалған жазба ескерткіштер негізінде көрсетуге болады. Шумерлер заманынан таңба-мәтін арқылы жеткен «Гильгамеш туралы жыр», «Энума Элиш» ескерткіштерінің мотивтері түркі тайпаларының мифологиялық, фольклорлық мұраларымен ұқсас. Сонымен бірге танымдық-бейнелілік тұрғыда, поэтикалық бейнелеуде үндестік бар.

Ашшурбанипал кітапханасында жеті тақташаға жазылған мәтінде әуелгі хаос әлемі, шетсіз-түпсіз су әлемі, онда еркін жүзген ащы суға (теңіз) ие Тиамат атты құбыжық әйел мен Апсу атты тұщы су (мұхит) әлемінің егесі (бұл екеуі де әуелгі бей-берекет әлемнің антропоморфты образдары) туралы айтылады. Апсу мен Тиаматтың ащы және тұщы суларының араласуынан бірнеше буын ұрпақ дүниеге келеді. «Кұдайлардың» өара тартысында Апсу өлген соң әлемді ретке келтіру мақсатында Мардук атты қаһарман Тиаматқа қарсы күреске шығады. Мардуктың Тиаматты жеңуі – хаостан космосқа өтудің символикасы. Бұл постшумерлік мәтіндер тобына жататын «Энума элиш» («Әуелде, жоғарыда») жазба ескерткішінде дүниенің жаратылуы туралы баян былай басталады:

Әуелде...

Жоғарыда – көк аспан жаралмағанда,

Төменде – қара жер жаралмағанда,

Ал, көне түркі жазба ескерткіштерінде:

Жоғарыда – көк аспан жаралғанда,

Төменде – қара жер жаралғанда

Екеуінің арасында адам баласы жаралған...

Екі мәтіннің бірі дүние жаратылмай тұрған кезді бейнелесе, екіншісіәлем жаратылғаннан кейінгі уақытты бейнелейді. Екі мәтіннің суреттеу дәстүрінің ортақ бір арнасы аңғарылады. Б.з.д. 2000 жж. шамасында жазылған саз тақташадағы сына жазу мен біздің дәуіріміздің VI-IX ғасырларына қара мәрмәр тасқа қашалған жазу тіліндегі үндестіктер ғана емес, бейнелеу тәсіліндегі ұқсастық та тереңдей зерттеуді қажет етеді.

Ұлы даламыздың тамыры тарихтың тереңіне кеткен мәдени мұрасы ғасырдан ғасырға ауысып, бүгінге жетті. Әуелгі таңбалардан басталған сөз тұтас мәтінге ұласып, өткенімізді таныты, салт-ғұрыпты ұлттың қасиетті құндылығы ретінде ұғындырды.

Қазақ топырағында таңбалы тастардың, жартастағы жазулардың көптеп ұшырасуы далалық аймақтарда ежелгі өркениеттің, рухани мәдениеттің барынша дамығандығының айғағы. Мысал ретінде Есік қорымы туралы айта кетсек, 1970 жылдары археолог К.Ақышевтың экспедициясы ашқан сақ дәуірінің қорымы (б.з.д. V-IV ғғ.) Алтын Адамның табылуымен ғана емес, күміс тостағандағы екі жолдан тұратын жиырма алты таңбалы жазуымен де ғылымда үлкен жаңалық болды. Бұл жазу «Есік жазба ескерткіші» деп аталады. Мәтіндегі: «Аға, саңа очкуқ! Без чөк! Букун ічре (р?) азуқ» деген жазудың мағынасын түсіндіруде бірнеше ғалым өз аудармалдарын ұсынды. Белгілі түркітанушы А.С.Аманжолов: «(Аға саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы), тізеңді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай!))» деген мағынада аударса, түрік ғалымы А.Ержыласұн, ирантанушы И.Харматта, т.б. мәтін мағынасын түсіндіру мақсатында зерттеулер жүргізді. Есік жазбасына қатысты тілші, мәдениеттанушы ғалымдар тарапынан салмақты зерттеулер жүргізілді.

Екі жолдық бұл мәтіннің ежелгі дүниеден берер ақпараты мол. Ошақты қасиетті деп санаған, оның отының өшпеуін тілеген, елін жаудан қорғау – басты міндет, парыз деп білген, дәулетті де сәулетті, салтанатты өмір сүруді мақсат еткен далалық көшпелілердің асқақ рухы осы жиырма алты таңбадан түзілген екі жолға сыйып кеткен.

Біздің заманымыздың XII ғасырындағы сәулет өнерінің ескерткіші – Айша бибі мазарындағы жазу көшпелілер мәдениетінің сан қырлы табиғатының жарқын бір мысалы. Кесененің іргетасынан үш жарымдай метрге жуық биіктікте бағаналарға араб әліпбиімен жазылған жазудың мағынасын ғалымдар, қаламгерлер: «Күз, бұлттар, дөңгеленген дүние...» немесе «Сүмбіледе су суыды... өмір суыт...», – деген бейнелі, поэтикалық сипатымен түсіндіретінін білеміз.

Біздің заманымызға дейінгі және біздің заманымыздағы түрлі жазбалар адамдардың таңба арқылы тек қарапайым түсініктерін емес, сөз өнерінің ерекше мүмкіндіктерін пайдалана отырып, философиялық пайымдарын жеткізуге ұмтылғанын, сөзді қасиет тұтып, сол негізде мәтіндерді киелі құндылық ретінде тудырғанын бізге жеткен осындай жазбалар барынша дәлелдейді. Қазақ даласының батысы мен шығысынан, оңтүстігі мен солтүстігінен, орталығынан күні бүгінге дейін толассыз табылып, жатқан таңба-жәдігерлер туралы салмақты зерттеулер, маңызды тұжырымдар ғылым үшін өте қажет.

Ежелгі дүниенің руханияты мен тұрмыстық ахуалын тасқа, саз тақташаға, пергаментке, папирусқа, басқа да мүліктерге, мазарға сөз түрінде таңбалап қалдырған бәдізшілер – адамзаттың мәңгілік құндылықтарына өлшеусіз үлес қосқан, есімдері белгісіз болса да жазбалары арқылы мәңгі өмірге ие болған жандар. Біздің міндетіміз – сол бәдізшілер бедерлеп беріп кеткен баға жетпес байлықтың құнын түсіну, қастерлеу, құпиясын ашу болмақ.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лотман Ю. Семиосфера. Аударған Еркімбаев Ұ. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 640 б.
2. Боров Ю. Эстетика. Аударғандар Бөпежанова Ә., Аманжол Қ. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 408 б.
3. Мюллер М. Египетская мифология. Пер. с англ. Г.В.Бажановой. Москва: ЗАО Центрополиграф, 2006. – 335 с.
4. Рак И. Египетская мифология. Москва: ТЕРРА – Книжный клуб, 2004. – 320 с.: ил.; 96 ил.
5. Дороти Н. Мифологиядағы символизм. Кітапта: Мифология. Құрылымы мен рәміздері. «Әлемдік мәдениеттану ой-санасы». Он томдық. 2-том. Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.
6. Емельянов В.В. Древний Шумер. Очерки культуры. Санкт-Петербург: Петербургское Востокведение, 2001. – 368 с. («Мир Востока», VII)
7. Сэмюэл Н.Крамер. История начинается в Шумере. 2-е изд., Пер. с англ. Ф.Л. Мендельсона. — Москва: Наука, 1991. – 235 с.

## СИМВОЛЫ - ЦЕННАЯ ИНФОРМАЦИЯ ИСТОРИИ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОЗНАНИЯ

Статья написана в рамках исследовательского проекта «AP08856996 Концептуальное пространство сакральных текстов в Мангистау (поэтические тексты жырау, эпитафические тексты, петроглифы)» финансируемого грантом МОН РК

*Аймухамбет Ж.А.* - Евразийский национальный университет им Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан.

*Нурдаулетова Б.И.* - Каспийский университет технологий и инжиниринга им Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан.

*Аннотация.* В статье анализируется история на заре истории человечества как стержень цивилизации, духовная ценность. От простых инструментов, созданных руками человека, все продукты демонстрируют стремление человечества воспринимать духовный

мир и отражать абстрактные концепции, возникающие в уме. Свидетельство тому - древняя резьба по камню.

Хотя символы на камне созданы во времени, то есть с целью прямого воздействия на природу во время маркировки, в какой-то мере они относятся к категории произведений искусства. Теория Аристотеля утверждала, что искусство возникло из подражания природе.

*Ключевые слова:* символ, письмо, пиктография, идеография, рунические письмо, египетский, шумерский, познавательный, древнетюркский.

### **SYMBOLS ARE VALUABLE INFORMATION IN THE HISTORY OF HUMAN KNOWLEDGE**

The article was written within the framework of the research project "AP08856996 «The conceptual space of sacred texts in Mangistau (poetic texts zhyrau, epitaph texts, petroglyphs)»" funded by a grant from the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

*Aimukhambet J.A.* - Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, , Kazakhstan.

*Nurdauletova B.I.* - Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

*Abstract.* The article analyzes the history at the dawn of human history as the core of civilization, spiritual value. From simple human-made tools, all products demonstrate humanity's desire to perceive the spirit world and reflect abstract concepts that arise in the mind. The evidence of this is the ancient stone carving.

Although the symbols on the stone were created in time, that is, with the aim of directly influencing nature during the marking, to some extent they belong to the category of works of art. Aristotle's theory argued that art arose from imitating nature.

*Key words:* symbol, writing, pictography, ideography, runic writing, Egyptian, Sumerian, cognitive, ancient Turkic.





UDK 519.245

**APPLICATION OF MONTE-CARLO  
METHOD TO SOLVE  
ONE-DIMENSIONAL  
HEAT EQUATION**

**TOLEUBEKOVA E.B.**

al-Farabi University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: e.toleubekova@mail.ru

**ABILMAZHINOV R.K**

al-Farabi University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: rusjr.88@mail.ru

**IMANKULOV T.S.**

al-Farabi University, Almaty, Kazakhstan

Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

e-mail: imankulov\_ts@mail.ru

*Abstract:* This article discusses the application of the Monte Carlo method to solving the Dirichlet problem for the heat equation. The results are compared with the finite difference method and analytical solution. The analysis is carried out for a different walk numbers of a particle and different points in the computational domain. The results show that the Monte Carlo method can be used to solve such problems, with the correct choice of the number of particle walks.

*Keywords:* Monte Carlo method, finite difference method, heat equation, Dirichlet problem, statistical method.

*Introduction*

The Monte Carlo method consists of solving various problems of computational mathematics by creating a random process with parameters equal to the required values. In addition, the determination of these values is carried out by observing the random process and calculating its statistical characteristics close to the required parameters.

The Monte Carlo method has achieved great success in areas where the basic mathematical problem consists of the study of random processes (for example, problems of neutron physics, signal generation against the background of random noise, etc.) [1-7]. However, their formulation is not related to probability theory, but has computational problems that are well applied to the Monte Carlo method. The most typical examples are boundary value problems for elliptic equations (for example, for the Laplace equation) and problems for equations of parabolic type (the main example is the heat equation). The solutions of these equations are closely related to the characteristics of some random diffusion processes. Therefore, the solution of such equations is convenient for modeling such processes. The Monte Carlo method is especially promising for multidimensional problems, because the time to determine the value of an unknown solution at one point depends only on the diameter of the region [8-13].

There are two features of the Monte Carlo method. First, the Monte Carlo method allows you to model any process that is influenced by random factors. Second, for many mathematical problems that are not related to any random process, it is possible to artificially create a probability model that allows you to solve this problem. We can also talk about the Monte Carlo method, some universal method of solving mathematical problems. Moreover, the scope of the method is constantly expanding. Thus, with the advent of high-speed computers, the Monte Carlo method was useful in solving some engineering problems of heat transfer.

This work is mainly concerned with the thermal conductivity equations. In the case of thermal conductivity, the relationship between diffusion-type processes and the statistical characteristics of a particular simulated random process is not so clear, so the problems with thermal conductivity in the probability formula require attention.

Monte Carlo methods are undefined ways to solve physical and engineering problems. They are used in solving differential and integral equations, to find eigenvalues, to invert matrices and to evaluate multiple integrals [14-22]. Monte Carlo methods are well known for solving static problems such as the Laplace or Poisson equations. They are not often used to solve parabolic and hyperbolic semi-derivative equations.

The purpose of this work is to analyze the application and prospects of using the Monte Carlo method to solve the problem of thermal conductivity.

*Problem statement*

This paper considers the application of the Monte Carlo method to time-dependent (thermal) problems. We compare the solutions of Monte Carlo with the method of finite differences and the analytical solution.

Consider a one-dimensional rod with a given initial temperature (Figure 1). Let the cooling process take place on both sides of the rod. It is necessary to calculate the heat distribution along the line at a certain point in time.




Figure 1 - One-dimensional rod

To solve this problem, consider the one-dimensional thermal conductivity equation:

$$U_t = U_{xx}, \quad 0 \leq x \leq 1, \quad 0 \leq t \leq T \tag{1}$$

with initial and boundary conditions:

$$\begin{aligned} U(t, 0) &= 0 \\ U(t, 1) &= 0 \\ U(0, x) &= 100 \end{aligned} \tag{2}$$

where  $U(x, t)$  – temperature function.

The analytical solution of the one-dimensional heat transfer equation is written as follows:

$$U(x, t) = \frac{400}{\pi} \sum_{k=0}^{\infty} \frac{1}{n} \sin(n\pi x) e^{(-n^2\pi^2 t)}, \quad n = 2k + 1 \tag{3}$$

*Monte Carlo method*

The main component of solving differential equations by the Monte Carlo method is random walks. Typically, the process of random walks is modeled on a grid recorded in a specific area of the region, and at each moment the brown particle "jumps" from one node to the next node.

Let's consider the thermal conductivity equation (1). The temperature of any point of the grid can be determined using the temperatures of neighboring points by approximation of finite differences. We can get it by the following formula:

$$U(x, t) = P_{x+}U(x + h, t - \nabla t) + P_{x-}U(x - h, t - \nabla t) + P_0T(x, t - \nabla t) \tag{4}$$

Here,

$$P_{x+} = P_{x-} = P_{y+} = P_{y-} = \frac{\Delta t}{h^2}; \quad P_0 = 1 - \frac{4\Delta t}{h^2} \tag{5}$$

In formulas (4) and (5), the probabilities  $P_i$  not negative. If  $\frac{\Delta t}{h^2} = \frac{1}{4}$ , then

$$P_{x+} = P_{x-} = P_{y+} = P_{y-} = \frac{1}{4}; \quad P_0 = 0 \tag{6}$$

Expression  $P_{x+} + P_{x-} + P_{t-} = 1$  can give a probabilistic interpretation for equation (4). If the particle of random walk is at the point  $(x, y)$ , then it can move to  $(x + \Delta x, t)$ ,  $(x - \Delta x, t)$  and  $(x, t - \Delta t)$  with probability  $P_{x+}$ ,  $P_{x-}$  and  $P_{t-}$ . The particle can only move toward the past, but never toward the future. To determine in which direction the particle is moving, we assign any random number to  $r$ ,  $0 < r < 1$ , and determine the motion of the particle as follows:

$$\begin{aligned} (x, t) &\rightarrow (x + \Delta x, t) \text{ if } (0 < r < 0.25) \\ (x, t) &\rightarrow (x - \Delta x, t) \text{ if } (0.25 < r < 0.5) \\ (x, t) &\rightarrow (x, t - \Delta t) \text{ if } (0.5 < r < 1) \end{aligned} \tag{7}$$

To calculate  $U$  at the point  $(x_o, t_o)$  we use the following random error algorithm:

1. random walk starts from the point  $(x_o, t_o)$ ;
2. generates a random number  $r$  and moves to the next point by (7);
3. (a) if the next point is not on the boundary, then step 2 is repeated;  
(b) if the point of random walk reaches the boundary, the random walk stops.

Write  $U_b$  to the boundary value and go to step 1 and the random walk will start again;

4. After N random walks:

$$U(x_o, t_o) = \frac{1}{N} \sum_{k=1}^N U_b(k)$$

N is the number of random walks. Random walk is shown in Figure 2.




Figure 2 - Random walk in a rectangular area (for one-dimensional problem)

*Results*

For the one-dimensional thermal conductivity equation, the Dirichlet problem was solved using the Monte Carlo method and the finite-difference method. These solutions were compared with the analytical solution. The results of the calculations were analyzed for different number of errors and points in the calculation area. You can see the calculation results in the following pictures.




Figure 3 - Analytical solution of Dirichlet problem for the thermal conductivity equation at different time (11 calculation points)




Figure 4 - Solutions of Dirichlet problem for the equation of thermal conductivity (11 calculation points)




Figure 5 - The difference between the solutions using the Monte Carlo/numerical methods from analytical solution (11 calculation points)




Figure 6 - Analytical solution of Dirichlet problem for the thermal conductivity equation at different time (101 calculation points)






Figure 7 - Solutions of Dirichlet problem for the equation of thermal conductivity (101 calculation points)




Figure 8 - The difference between the solutions using the Monte Carlo/numerical methods from analytical solution (11 calculation points)

### Conclusion

In this article, the Dirichlet problem for the thermal conductivity equation using the simple "constant random error" method (which belongs to the group of Monte Carlo methods) is solved. A one-dimensional, temperature-dependent problem with Dirichlet conditions was considered. In addition, the problem was solved by the method of finite differences. The obtained results were compared with the analytical solution of the problem.

The Monte Carlo method (unlike the analytical solution and finite-difference method) is convenient and accurate, easy to understand and easy to program. This method does not require the solution of large matrices and is trivial, easy to understand by the programmer.

In the finite-difference method, the accuracy of the solution of the problem depends directly on the number of points in the grid (the greater the calculation point, the greater the accuracy), in the Monte Carlo method, the solution depends on the number of random errors.

However, the results of this dissertation work proved that it is impossible to conclude that as the number of random walks increases, the accuracy of the solution of the problem increases. However, the results show a low accuracy if the number of random walks is less than 100. In this dissertation the calculations were made for the number of walks 10, 100, 1000, 10000, 100000, 1000000 and the number of points in the calculation area 11 and 101. Compared to the analytical solution, it turned out that the accuracy of these calculations was less than the accuracy of the results of the numerical method (simple explicit scheme).

The disadvantage of the Monte Carlo method is the length of the calculation time. If the number of random errors is very large, the method may be ineffective. However, it should be noted that it is convenient to use parallel computing technology to the Monte Carlo method. That is, the duration of the calculation time can be overcome using MPI or CUDA technology.

This research has is funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP09260564)

## REFERENCES

1. Elepov B.S., Kronberg A.A., Mikhailov G.A. Sabelfeld K.K. The solution of local problems by the method of Monte Carlo. - Novosibirsk: Nauka, 1980. - 174 p.
2. Ermakov C. M. The Monte Carlo method and related issues. - M.: The main edition of the physical and mathematical literature of the publishing house "Nauka", 1971. - 328 p.
3. Ermakov C. M., Mikhailov G.A. Statistical modeling. - 2-nd edit. - M.: The main edition of the physical and mathematical literature of the publishing house "Nauka", 1982. - 296 p.
4. Ermakov C. M., Nekrutkin V.V., Sipin A.C. Random processes for solving classical equations in mathematical physics. - M.: The main edition of the physical and mathematical literature of the publishing house "Nauka", 1984. - 208 p.
5. Sobol I. M.. Numerical methods of Monte Carlo. - M.: The main edition of physical and mathematical literature of the publishing house "Nauka", 1973. - 312 p.
6. Fishman G. S. Monte Carlo. Concepts, Algorithms, and Applications. – Springer Verlag, 1995 (Corrected 3 rd printing, 1999). - 718 pp.
7. Robert C. P., Casella G. Monte Carlo Statistical Methods. - 2nd edition, Springer, 2004. - 683 p.
8. Bolshev L.N., Smirnov N.V. Tables of mathematical statistics. -M.: Наука, 1983.-416 p.
9. Vadzinsky R.N. Directory of probable distributions. - SPb.: Nauka, 2001. - 295 p.
10. Gnedenko B.V. The course of probability theory. - M.: Nauka, 1988. - 448 p.
11. Kobzar A.I. Applied Mathematical Statistics. - M.: Fizmatlit, 2006. - 816 p.
12. Shiryaev A.N. Probability - 1. 3rd edition, recycled and supplemented. - M.: MTsNMO, 2004. - 520 p.
13. Press W. H., Teukolsky S. A., Vetterling W. T., Flannery B. P. Numerical recipes. The art of scientific computing. - 3rd edition, Cambridge University Press, 2007. - 1235 p.
14. Vladimirova L.V., Ovsyannikov D. A., Rubtsova I. D. Monte Carlo methods in applied tasks. - SPb.: Izd-vo VVM, 2015. - 167 p.
15. Herzbach I. Theory of reliability with applications to preventive maintenance. M.: Oil and Gas, 2003. - 263 p.
16. Smooth B. C. Probabilistic computational models. - M.: Nauka, 1973 - 300 p.
17. Gnedenko V.V., Kovalenko I.N. Introduction to the theory of mass service. - M.: Nauka, 1966. - 432 p.
18. Grenader U., Freiburger B. A short course of computational probability and statistics. - M.: Nauka, 1978. - 192 p.
19. Ermakov S.M. Monte Carlo method in computational mathematics: Introduction course. - St. Petersburg: Nevsky Dialect; M.: BINOM. Laboratory of Knowledge, 2009. - 192 p.

20. Ermakov S.M., Mikhailov G.A. Statistical modeling course. - М.: The main edition of the physical and mathematical literature of the publishing house "Nauka", 1976. - 320 p.

21. Ivanov M. A., Chugunkov I. B. Theory, application and evaluation of the quality of pseudo-random generators. М.: KUDITS-OBRAZ, 2003. - 240 p.

22. Ivashenko V.M., Rally B. B. Modeling of kinetic phenomena in semiconductors. The Monte Carlo method. - Kiev: Naukova Dumka, 1990. - 192 p.

### **ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДА МОНТЕ-КАРЛО ДЛЯ РЕШЕНИЯ ОДНОМЕРНОГО УРАВНЕНИЯ ТЕПЛОПРОВОДНОСТИ**

*Толубекова Э.Б.* – Университет аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

*Абилмажинов Р.К.* – Университет аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

*Иманкулов Т.С.* – Университет аль-Фараби, Университет Есенова, Актау, Казахстан.

*Аннотация:* В данной статье рассматривается применение метода Монте-Карло для решения задачи Дирихле для уравнения теплопроводности. Результаты сравниваются с методом конечных разностей и аналитическим решением. Произведен анализ для различного количества блужданий частицы и точек в расчетной области. Результаты показывают, что метод Монте-Карло может быть применен для решения подобных задач, при правильном выборе количества блужданий частицы.

*Ключевые слова:* Метод Монте-Карло, конечно-разностный метод, уравнение теплопроводности, задача Дирихле, статистический метод.

### **МОНТЕ-КАРЛО ӘДІСІН БІР ӨЛШЕМДІ ЖЫЛУ ӨТКІЗГІШТІК ТЕҢДЕУІН ШЕШУГЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ**

*Толубекова Э.Б.* – әл-Фараби Университеті, Алматы, Қазақстан.

*Абилмажинов Р.К.* – әл-Фараби Университеті, Алматы, Қазақстан.

*Иманкулов Т.С.* – әл-Фараби Университеті, Есенов Университеті, Актау, Қазақстан.

*Аңдатпа:* Бұл мақалада Монте-Карло әдісін жылу өткізгіштік теңдеуі үшін Дирихле есебін шешуге қолдану туралы айтылады. Нәтижелер ақырлы-айырымдыр әдісімен және аналитикалық шешіммен салыстырылады. Талдау бөлшектің әр түрлі серуендеу саны және есептеу аймағындағы нүктелер үшін жүргізіледі. Нәтижелер Монте-Карло әдісін бөлшектердің серуендеу санын дұрыс таңдай отырып, осындай есептерді шешу үшін қолдануға болатындығын көрсетеді.

*Түйінді сөздер:* Монте-Карло әдісі, ақырлы айырым әдісі, жылу теңдеуі, Дирихле есебі, статистикалық әдіс.

**МАЗМҰНЫ**

МАҢҒЫСТАУ ЖЫРАУЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ АРАБ-ПАРСЫ СӨЗДЕРІМЕН  
ЖАСАЛҒАН АВТОРЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

**Нүрдәулетова Б.И., Теңелова М.С.**..... 5

МАҢҒЫСТАУ ЖӘНЕ ҮСТІРТ АЙМАҒЫНДАҒЫ ТАҢБАЛЫ ТАСТАРДЫ  
ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ

**Төлегенұлы Б., Нүрдәулетова Б.И.**..... 11

ТАҢБА-ЖАЗУ –АДАМЗАТ ТАНЫМЫ МЕН ТАРИХЫНЫҢ ҚҰНДЫ  
АҚПАРАТЫ

**Аймұхамбет Ж.Ә., Нүрдәулетова Б.И.**..... 17

APPLICATION OF MONTE-CARLO METHOD TO SOLVE ONE-  
DIMENSIONAL HEAT EQUATION

**Toleubekova E.B., Abilmazhinov R.K., Imankulov T.S.**..... 29

Баспаға қол қойылған күні 09.06.2021  
Пішімі 60\*84 1/2  
Көлемі 37 бет  
Шартты баспа табағы 3  
Таралымы 300 дана  
Есенов университетінің  
редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты  
130000, Ақтау қ., 32 ш/а

---

Подписано в печать 09.06.2021  
Формат 60\*84 1/2  
Объем 37 стр.  
3 печатных листа  
Тираж 300 экз.  
Отпечатано в редакционно-издательском отделе  
Университета Есенова  
130000, г. Ақтау, 32 мкрн.